Үздіксіз дамып отыратын өндірісте мұндай күш ретінде экономикалық мүдделерді атауға болады. Шынында да өндірістік, экономикалық қатынастардың барлық формалары мүдделер арқылы пайда болады. Адамдар өзінің және балаларына жақсы жағдай жасауға жақсы тұрмыс жағдайын арттыруға талпынады – бұл заңдылық. Бұл адам жақсы жұмыс істеуге, көп пайда табуға ұмтылады. Мүдде, пайда категориясының экономикалық мәні осында, яғни адамдар өзінің еңбек және шығармашылық жеке қызметінің нәтижесіне мүдделі. Егерде әміршіл - әкімшіл жүйеде бірінші жоспарға қоғамдық мүдделер, одан кейін жеке коллектив мүддесі және одан соң туынды, жеке кісі басы мүдделері қойылса, ал нарық жағдайында Адам Смиттің айтуы бойынша, мүдде шкаласы кері бағытта жүреді, нақты айтқанда жеке мүд-

дені қанағаттандыру арқылы басқа да мүдделерді қанағаттандыруға болады.

Нарықтық экономикада дамыған еркін кәсіпкерлік негізінде ресурстармен қамтамасыз ету және өнімді өткізу бойынша тікелей келісімді байланыстар негізінде дамыту үшін нарықтық инфрақұрылым, ұйымдық - экономикалық нарықтық механизм қажет. Нарықтық экономикаға өтпелі кезеңдегі тиімді емес саясаттың нәтижесінде және экономиканы тиімді құру механизміне сәйкес институционалды негіздердің, яғни экономикалық, құқықтық нормалардың жоқтығы нәтижесінде монополистердің шексіз үстемдігіне және Қазақстанның шикізатты беру статусының нығаюына әкеп соқты. Демек, нарыққа өтпелі кезеңдегі инфрақұрылымды дамытудың қажеттілігі – өндірісті ұйымдастырудың үзіліс сіздігін және өндіріс үдерісінің ырғақтылығын қамтамасыз етумен байланысты. Инфрақұрылым тауар айырбасының сыртқы жағдайы мен өндіріс үдерісін қамтамасыз ететін, сонымен қатар жұмыс күшінің ұдайы өндіріспен байланысты өндіріс тиімділігін жоғарылатуға өз ықпалын тигізеді [2].

Инфрақұрылымның басты мақсаты – негізгі салалардың бір қалыпта және үздіксіз қызмет атқаруын қамтамасыз ете отырып, олардың тиімділігін арттыру болып саналады. Инфрақұрылымдық салалардың негізгі салалармен салыстырғанда өзіне тән ерекшелігі бар. Өйткені, өздігінен ешқандай өнім өндірмейді, бірақ олардың қатысуынсыз бірде-бір жаңа өнім өндірілмейді. Олар негізгі салаларға қызмет көрсету арқылы шығарылған өнімдерді одан әрі қарай ұқсату (өңдеу, тасу, т.б.) қызметтерін өз қолдарына алып, негізгі салалардың өндірістік өнімін молайтуға, олардың сапасын жақсартып, нарық жағдайындағы бәсекеде белгілі орын алуына мүмкіндік жасайды. Өз кезегінде инфрақұрылым элементтері қаржы айналымын жеделдетіп, ұсыныс пен сұраныс, баға анықтау, нарықтық ақпаратты тарату және осыған байланысты ресурстардың еркін айырбасын қамтамасыз ету үшін алғышарттар жасайды. Нарық механизмінің қозғалысында бәсекелестік қатынастар маңызды заңдылық болып табылады. Кеңестік жүйе жылдарында бәсеке біреулерге жеңіс, енді біреулерге ұтылыс көрсетуші капиталистік экономика заңы ретінде қарастырылып, біздің экономикалық әдебиеттерде бәсеке теориясы тереңінен зерттелген жоқ. Бәсеке – жоғарғы пайда табу үшін, тиімді шаруашылық жүргізу үшін тауар өндірушілер арасындағы күрес. Осындай күресте өмірге жаңадан көптеген кәсіпорындар келіп, олардың көбі бәсекеге төзе алмай күйрейді.

Бәсекелестіктің жағымды жақтарына жататындар:

1) нәтижесінде бір сала ішіндегі бәсекелестікте өндіріс шығын-

дары азаяды және өнімнің нарықтық құны төмендейді. Өндірушінің басты мақсаты пайда табу, егер өнімнің нарықтық құны өзгермесе, ал өндіріс шығындары азайса, онда өндірушінің кірісі көбейе түседі. Өндіріс шығындарын төмендету үшін кәсіпорындар жаңа техника, технологиялар енгізеді, ал бұл еңбек өнімділігінің өсуіне, яғни өнім санының көбеюіне әкеледі. Нәтижесінде бір сала ішіндегі бәсекелестікте нарықтық құн қалыптасады. Егер кәсіпорынның біреуінде өндіріске шығатын шығындары басқаларға қарағанда аз болса, онда ол жай кіріспен қатар артық кіріс алады. Артық кіріс үш ерекшелік бойынша мінезделі: а) тек жеке кәсіпорын ғана алады; ә) ол кірісті уақытша ғана алады; б) ГТП-тің дамуына мүмкіндік туғызады;

2) тауар сапасы жақсара түседі және түр жинақ көбейеді;

3) бәсекелестік ғылыми-техникалық прогрестің дамытушысы болып табылады және нәтижесінде кіріссіз кәсіпорындар жабылады, пайдасы жоқ жұмыс орындары азаяды, ескірген техникалар және өнімнің ескірген түрлері жойылады. Демек, бәсеке тауар өндірушілерді өндіріске жоғары тиімді ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізе отырып, тиімді шаруашылық жүргізуге, сондай-ақ соның нәтижесінде пайда алуға ынталандырады. Ал, нарықтық ынталардың іс-әрекеті өзгеріске ұшыраса, оның салдарынан өндірісті құлдырауға әкеп соғады. Монополизм осындай факторларға жатады. Мұндай жағдайда нарықтың өзі келеңсіз тенденцияны жеңе алмайды. Бұл жерде мемлекет араласуы тиіс [3].

Әдебиеттер

1. Дауранов И., Курбанова Г., Рудецких А., Шишкина А. Малый бизнес Казахстана: тенденции и проблемы развития. - Алматы: РГП «Институт экономических исследований», 2002.
2. Кирцнер И. Конкуренция и предпринимательство. М., 2001.
3. Мейірбеков. Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдау жолдары мен дамыту әдістері. Ө.ғ.к ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынған кандидаттық диссертациясы. - Алматы, 2002.

ХАРАКТЕРИСТИКА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»

Рахимбаева Р.М., Богородская О.Г.

*Казахстанско-Американский свободный университет, Усть-
Каменогорск, Казахстан*

Акционерное общество «БанкЦентр Кредит» функционирует с 19 сентября 1988 года и был одним из первых коммерческих Банков Республики Казахстан.

Банк имеет широкую филиальную сеть по всему Казахстану. Это позволяет производить обслуживание юридических и физических лиц в более чем 100 филиалах и отделениях банка.

Банк применяет современные высокие технологии, вследствие чего его клиенты имеют возможность:

- по системе Интернет-банкинг в режиме реального времени управлять своими счетами из любой точки мира;
- выполнять банковские операции из любого удобного места, в котором имеется выход в Интернет.

На сегодняшний день:

- значительно повысилась оперативность получения клиентами информации о состоянии счетов;
- с высоким качеством и стабильностью производится удаленное управление финансовыми потоками клиентов банка.

В настоящее время организационная структура АО «Банк Центр Кредит» выглядит следующим образом: головной офис, 21 филиал и 98 расчетно-кассовых отделений.

Головной офис является методологическим центром, координирующим деятельность всех филиалов и оказывающим им всестороннюю поддержку.

Корпоративное управление - ключевой фактор обеспечения экономической безопасности коммерческого банка, оно представляет собой систему взаимоотношений между акционерами, советом директоров, правлением, персоналом и другими заинтересованными лицами. Эффективное корпоративное управление – это важное условие повышения экономической деятельности банка.

Система корпоративного управления АО «Банк ЦентрКредит» основана на системе принципов и органов корпоративного управления, установленных Кодексом корпоративного управления данного банка.

Необходимо выделить следующие органы, осуществляющие корпоративное управление:

- общее собрание акционеров;
- совет директоров;
- правление;
- комитеты совета директоров;
- корпоративный секретарь;
- служба внутреннего аудита;
- комитеты при правлении.

На сегодняшний день АО «БанкЦентр Кредит» входит в число десяти ведущих банков Республики Казахстан, что показано в таблице 1 [1].

Таблица 1. Рейтинг 10 крупнейших банков второго уровня Республики Казахстан по операционной эффективности

Банки		Операционные расходы в процентах к операционным доходам		
		2014 год	2015 год	2016 год
1	Казкоммерцбанк	23,48	22,25	20,71
2	Kaspi Bank	36,76	29,80	25,41
3	ДБ Сбербанк	42,88	38,55	39,25
4	Народный Банк Казахстана	52,20	47,51	47,87
5	Цеснабанк	66,50	47,12	47,92
6	Банк ЦентрКредит	56,60	67,02	48,68
7	БТА Банк	-	-	64,05
8	Евразийский банк	59,75	74,44	68,65
9	АТФ Банк	42,45	88,43	77,54
10	Альянс банк	99,09	125,91	88,68

Кроме того, АО «БанкЦентр Кредит» занимает 5-6 место по интегрированному показателю банковского рейтинга, что показано в таблице 2 [2].

Таблица 2. Место АО «БанкЦентр Кредит» в рэнкинге ТОП-10 банков второго уровня Республики Казахстан

Показатели	Балл	Ранг
Операционная эффективность	48,7	6
Уровень финансовой безопасности и устойчивости системы распределения средств между вкладчиками и заемщиками	113	6
Устойчивость системы распределения вкладов	8	4-5
Интегральный показатель рэнкинга	-	5,5

В 2016 году АО "Банк ЦентрКредит" имеет следующий кредитные рейтинги, представленные крупнейшими рейтинговыми агентст-

вами Moody's, Standard and Poor's и Fitch Ratings, которые представлены в таблицах 3, 4 и 5.

Таблица 3. Рейтинг АО "Банк ЦентрКредит" от рейтингового агентства Fitch Ratings [3]

Наименование рейтинга	Рейтинг	Дата пересмотра
Долгосрочный рейтинг	B	20.12.2016
Краткосрочный рейтинг	B	20.12.2016
Национальный рейтинг	BB+(kaz)	20.12.2016
Рейтинг национальных приоритетных необеспеченных обязательств	B / BB+ (kaz)	20.12.2016
Рейтинг срочных субординированных обязательств	B- / BB-(kaz)	20.12.2016
Рейтинг субординированных обязательств в иностранной валюте	CCC	20.12.2016

Таблица 4. Рейтинг АО "Банк ЦентрКредит" от рейтингового агентства Moody's [4]

Наименование рейтинга	Рейтинг	Дата пересмотра
Долгосрочный рейтинг по Банковским депозитам (в иностранной и национальной валюте)	B2	09.03.2016
Краткосрочный рейтинг по Банковским депозитам (в иностранной и национальной валюте)	NP	09.03.2016
Долгосрочный рейтинг по национальной шкале	B1.kz	09.03.2016
Рейтинг субординированных обязательств иностранной валюте	Caa2	09.03.2016
Прогноз	Негативный	09.03.2016

Таблица 5. Рейтинг АО "Банк ЦентрКредит" от фондового индекса Standard & Poor's [5]

Standard & Poor's		
Наименование рейтинга	Рейтинг	Дата подтверждения
Долгосрочный кредитный рейтинг эмитента	B	09.02.2017
Краткосрочный кредитный рейтинг эмитента	B	09.02.2017
Долгосрочный рейтинг по национальной шкале	kzBB+	09.02.2017
Прогноз	Стабильный	09.02.2017

Акционерами Банка являются:

1) Kookmin Bank (Сеул, Республика Корея) - один из крупнейших Банков Южной Кореи по размеру активов и рыночной капитализации,

доля КВ в капитале Банка составляет 41,9%, международные рейтинги: S&P – A, Moody's – A1, Fitch – A;

2) International Finance Corporation (Вашингтон, США) - международная финансовая корпорация, входящая в группу Всемирного Банка, является крупнейшим глобальным институтом развития, нацеленным на поддержку частного сектора на развивающихся рынках, доля IFC в капитале Банка составляет 10,00%, международные рейтинги: S&P – AAA, Moody's – AAA;

3) Байсеитов Бахытбек Рымбекович (Алматы, Республика Казахстан), доля Байсеитова Б.Р. в капитале Банка составляет 25,60%.

АО «Банк ЦентрКредит» активно участвует во всех государственных программах поддержки предпринимательства. По итогам 2015 года АО «Банк ЦентрКредит» был удостоен звания «Лучший Банк по субсидированию кредитов в рамках Программы развития моногородов на 2012–2020 годы». Также АО «Банк ЦентрКредит» является лидером по количеству подписанных договоров гарантии АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» в рамках программы «Дорожная карта бизнеса 2020».

Таким образом, АО «Банк ЦентрКредит» - достаточно стабильный банк второго уровня в Республике Казахстан, который имеет потенциальные возможности дальнейшего роста и повышения финансового положения.

Литература

1. Рэнкинг операционной эффективности 10 крупнейших банков Казахстана. [Электронный ресурс]. – URL: [https:// www. banker. kz/ raiting/ raiting-activs.php](https://www.banker.kz/raiting/raiting-activs.php)
2. Рэнкинг устойчивости систем распределения вкладов среди ТОП-10 БВУ РК. [Электронный ресурс]. – URL: [https:// www. banker. kz/ raiting/ raiting-activs.php](https://www.banker.kz/raiting/raiting-activs.php)
3. Рейтинг АО "Банк ЦентрКредит" от рейтингового агентства Fitch Ratings. [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.fitchratings.com/>
4. Рейтинг АО "Банк ЦентрКредит" от рейтингового агентства Moody's. [Электронный ресурс]. – URL: [http:// www. kase. kz/ ru/ emitters/ show/CCBN](http://www.kase.kz/ru/emitters/show/CCBN)
5. Рейтинг АО "Банк ЦентрКредит" от фондового индекса Standard & Poor's. [Электронный ресурс]. – URL: [http:// www. kase. kz/ emitters/ show/CCBN](http://www.kase.kz/emitters/show/CCBN)

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН ЖӘНЕ ОНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ

Сандыбаев Е.Е., Кинашева Ж.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі аграрлық өндірісті жандандырмай дамыған нарықтық қатынастарды қалыптастыру мүмкін еместігін дәлелдеп отыр.

Аграрлық саясат – ауыл шаруашылық өндірісі мен агробизнестің басқа да салаларын тиімді дамытуға бағытталған және осы негізде халықтың тұрмыс дәрежесі мен елдегі қоғамдық үрдістің дамуын қамтамасыз ету саясаты.

Аграрлық өнеркәсіптік өндірістің қазіргі және болашақтағы дамуы тек ауыл шаруашылығының тікелей даму деңгейіне ғана емес, сонымен бірге оған қызмет көрсететін ауыл шаруашылығының даму дәрежесімен де айқындалады, яғни ауыл шаруашылығының инфрақұрылымына да байланысты.

Агроөнеркәсіп кешенінің инфрақұрылымы дегеніміз – салалар, өндірістер, тікелей негізгі өндіріске де, өндірістен тыс (әлеуметтік) салаларға да қызмет ететін қызметтер және қызмет түрлері формасындағы өндіргіш күштер элементтерінің жиынтығы.

Агроөнеркәсіп кешен инфрақұрылымы: өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылымдардан құралады [1].

Өндірістік инфрақұрылымдағы материалдармен жабдықтау, техникаларды жөндеу, ауылшаруашылық өнімдерін тасу, өңдеу, сақтау, сату, сол сияқты электр қуаты, жол жүйесі байланыс, т.б. жатады. Әлеуметтік инфрақұрылымдағы үй-жай, коммуналдық шаруашылық, мәдениет мекемелері, денсаулық сақтау жүйесі, халыққа қызмет көрсету, тұрмыс қажеттерін өтеу мекемелері, білім, балаларға тәрбие беру мекемелері т.б. кіреді. Аймақтағы агроөнеркәсіп инфрақұрылымының дамуы мен қалыптасу нақтылы аймақтардың табиғи - экономикалық жағдайына тікелей байланыста. Әрбір аймақтың өзіне тән табиғи және экономикалық өзгешіліктері бар, сондықтан инфрақұрылым осы нақтылы аймақ бойынша негізгі салалардың дамуына олардың өнімдерінің көбеюіне, сапасының жақсаруына, сол сияқты әлеуметтік салалардың жетілуіне әсерін тигізеді [2].

Өндірістік инфрақұрылым құрамына кіретін ауыл шаруашылығына тікелей қызмет ететін агрохимиялық, мал дәрігерлік, техниканы жөндеу, оларды күту, өсімдік қорғау т.б. салаларды айтпағанда нарық жағдайында халықтың әлеуметтік - тұрмыс халін жаңартуды ауыл шаруашылығының негізгі салаларына қызмет атқаратын электротехни-


калық сала мен жол құрылыс, сол сияқты көлік қатынастарының да орны ерекше. Әлеуметтік инфрақұрылым өндірістік инфрақұрылым сияқты тікелей өнім өндірмесе де негізгі өндірістік салалардың бірқалыпты және үздіксіз жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Әлеуметтік салалар өндірістің өркендеуіне халықтың тұрмыс жағдайын денсаулығын, білімін, мәдениетін, мамандық деңгейін көтеру арқылы әсер етеді [3].

Экономикалық аграрлық секторының нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуы мен дамуы белгілі бір факторларға байланысты. Олардың қатарында: өңірдің табиғи - климат жағдайы, шаруашылық субъектілері мен өндірістік объектілердің орналасуы, бұлардың энергия қуаттары, су көздерімен қамтамасыз етілу дәрежесі, жол және көлік қатынастарының жағдайы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің технологиясы, кәсіпкерлердің белгілі бір кәсіпке жете бейімделуі, бұдан басқа, саланың өзіне тән мына ерекшеліктер: табиғаттың құбылмалы көріністеріне тәуелділігі, қаражат айналымының ұзақтылығы, жұмсалған шығындар мен олардың қайтарылыма көздерінің тұспа-тұс келмейтіндігі мұқият ескерілуі тиіс. Осы және басқа да объективтік факторларды жан-жақты қарастыру инфрақұрылымның нарықтық қатынастар жағдайындағы даму бағытын, оның жалпы құрамымен бөлімдерінің көлемін айқындауға мүмкіндік береді. Нарықтық инфрақұрылымды жіктеу оның салаларымен жекелеген элементтерінің жалпы экономикалық өсудегі маңызы мен рөлдерін анықтау, өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы байланыстарды зерделеу, осының арасында негізгі өндіріс пен оны қамтамасыз ететін субъекттердің оңтайлы ара қатынасын қалыптастыру қажеттілігінен туындайды [4].

Агроөнеркәсіптің нарықтық инфрақұрылымы тиісті бөлімдерден тұрады. Оның негізгі экономикалық айналымға қатысушылар нарығының белгілі бір жүйелері, тауарлар мен қызметтер нарығы, ресурстар мен қаржы нарығы құрайды.

Нарықтық инфрақұрылымның жалпы жүйесіндегі ең маңыздысы – тауар нарығы инфрақұрылымының қалыптасуы. Нарықтық экономиканы игеру жылдары еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдері өткізудің инфрақұрылымдық жүйелі бірқатар өзгерістерге ұшырады, бұрыннан қалыптасқан салааралық байланыстар үзілді. Нәтижесінде өндірілген, тұтынуға дайын сапалы өнімдерді ойдағыдай өткізу проблемалы мәселеге айналды. Тауардың өтімділік дәрежесінің төмендеу беталысы аграрлық экономиканың даму барысынан, халықтың әлеуметтік тұрмыс-тіршілік дәрежесінен айқын сезіле бастады. Өнімнің тауарлық деңгейінің төмендеуі, піскен өнімдердің орынсыз ысырапқа

ұшырап, тасымалдау жұмыстарындағы, шығысының азайып кетуін ту-
дырады.



Сурет 1. Ауыл шаруашылығының инфрақұрылымының сызбасы

Ауыл шаруашылығы тауар өнімділігіне кері әсерін тигізіп отыр-
ған келесі жәйт – бұл өткізу жүйесі инфрақұрылымының жұпынылы-
ғы, ресурстардың тапшылығы, өндірістік қорлардың жылдар бойы жа-
нарттылып жаңғыртылғандығы.

Ауыл шаруашылығының өндірісінің еркін нарықтық қызмет ету
механизміне бейімделуінің объективті күрделілігі, агралық саланың
ерекше статусы туралы мәселе көтереді. Агралық саясат халықаралық
көлемде кең талқылануы түрлі мемлекеттік доктриналар мен аграрлық
дамудың бірнеше стратегияларын ұстанатын мемлекеттік экономика-
лық қарама-қарсы бағыттарын көрсетеді. Осыдан екі концепцияның
қайшылығы шығады. Бірі либералдық үлгі және екіншісі көптеген да-
мыған елдер ұстанатын аграрлық протекционизм үлгісі [5].

Мемлекеттің қолдаусыз ауыл шаруашылығы дамымайды, ша-
руа қожалары өздерінің болашақтағы мүмкіндіктеріне деген сенімін
жоғалтып, сәйкесінше банкроттыққа ұшырайды. Мемлекеттік қолдау-
дың көптеген аспектітері бар. Мысалы, аграрлық өндірістің дамуын,

мемлекеттің қажеттіліктері үшін ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алуды, бағаны реттеуді, ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерінің өндірісіне квота бөлуді, сырттан келетін арзан өнімдерге кедергілер қоюды, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды және т.б. қолдау [6].

Әдебиеттер

1. Н. Назарбаевтың жолдауы. // Заң газеті 31 қаңтар 2017.
2. Белгібаев.Қ. Ауыл шаруашылық экономикасы. - А, 2010.
3. Мырзакелді К. Нарыққа өту кезіндегі Қазақстан ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қалыптасуы мен дамуы. - А, 2008.
4. Оспанов М.Т. және т.б. Агробизнес теориясы мен тәжірибесі. - А.: «Білім», 2007.
5. Нұрғалиев Қ.Р. Қазақстан экономикасы. - Алматы, 2009.
6. Райханұлы Н. АПК: кризис отрасли и проблемы выхода из него. М., 2007.

ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ МЕНЕДЖМЕНТ. ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ. ПЕРСПЕКТИВЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Зайцева В.С.

Колледж КАСУ, Усть-Каменогорск, Казахстан

Что вообще такое экологический менеджмент? Стоит считать, что экологический менеджмент - часть общей системы корпоративного управления, которая обладает четкой организационной структурой и ставит целью достижение положений, указанных в экологической политике посредством реализации программ по охране окружающей среды.

Непрерывный рост экономики и систем жизнедеятельности людей, работоспособности населения в целом приводит к непосредственному потреблению природных ресурсов, и как последующее загрязнение окружающей среды.

Игнорирование предприятиями охраны окружающей среды, правильного использования природных ресурсов, экологической безопасности ведет к уменьшению со стороны потребителей и конкурентов, общественного признания, своего имиджа и к потере конкурентоспособности. Потребители предпочитают экологически чистую продукцию, изготовленную на экологически безупречных предприятиях.

В общем стоит говорить, что идея экологического менеджмента –

это полное поддержание мер, которые способствуют охране окружающей среды и предотвращению загрязнения окружающей среды при сохранении баланса с социально-экономическими потребностями общества. Системы экологического менеджмента обращены к потребностям, касающимся охраны окружающей среды, широкого круга заинтересованных сторон.

Предыстория развития экологического менеджмента. С чего все начиналось...

В 1992 году в городе Рио-де-Жанейро состоялся референдум глав государств, который был посвящен тому, что человеческий прогресс не стоит на месте, а также очень быстрому и устойчивому развитию человеческого общества и природы, на котором были приняты планы на новый XXI век.

На референдуме также было определено, что экологический менеджмент следует отнести к ключевой прерогативе устойчивого развития и в соответствии с этим к высшим приоритетам промышленной деятельности и предпринимательства. В 1993 году на уругвайском раунде переговоров, посвященных Всемирному торговому соглашению, было принято решение о создании международных стандартов по экологическому менеджменту. Международная организация по стандартизации (ISO) в своих примерах организовала технический комитет 207 (ТС 207), который приступил к написанию стандартов серии ISO 14000, в которых определялись принципы функционирования систем экологического менеджмента. В 1996 г. был выпущен первый и основной стандарт ISO 14001 (который был пересмотрен в 2004 году).

В 1998 г. Госстандарт опубликовал аутентичный текст на русском языке в качестве национального ГОСТ Р ИСО 14001-98 (пересмотрен в 2007 году), а также со временем ввел в действие и остальные стандарты серии ISO 14000.

В 1993 году свой собственный стандарт экологического менеджмента ввел уже Европейский союз EMAS (схема экологического менеджмента и контроля Европейского союза). В 2000 году он был пересмотрен, и, в нескольких требованиях к системе экологического менеджмента предприятий, стал явно ссылаться на требования стандарта ISO 14001, в то же время предъявляя к предприятиям и компаниям ряд дополнительных требований.

До конца декабря 2006 года было выдано более 129199 сертификатов ISO 14001:2004 в ста сорока странах и экономических системах мира.

По Республике Казахстан, в целом, можно выявить, что с 2001

года начала разрабатываться деятельность компаний и организаций по продвижению и внедрению современных систем менеджмента, в том числе и экологического менеджмента.

Для внедрения экологического менеджмента на предприятия необходимо провести некоторые процедуры:

- определить экологическую политику, проанализировать предприятия и сформулировать требования к системе экологического менеджмента;
- сформулировать правильную программу реализации экологической политики;
- разработать механизм, который будет способствовать достижению целей и задач экологической политики;
- обеспечить постоянный и эффективный контроль, аудит характеристик окружающей среды;
- проанализировать состояние и возможности улучшения характеристики системы экологического менеджмента, обеспечивая ее постоянное соответствие изменяющимся внешним и внутренним факторам, которые представляются наиболее значимыми, например, с позиции выполнения требований нормативно-правовых актов в области экологической безопасности, охраны окружающей среды и рационального природопользования;
- рассмотреть аспекты экологического менеджмента в рамках хозяйственных проблем.

Нужно обратить внимание на то, что система экологического менеджмента в «чистом» виде используется очень редко на предприятиях. Конечно, можно сказать, что все приемы по улучшению качества продукции всем предпринимателям известны, но используются ли они? Вывод один: все обо всем знают, но «улучшать» окружающую среду никто не собирается, так как это очень затратно скажется на производстве.

Практически все руководители или топ-менеджеры посещают различные тренинги, конференции и так далее. Не стоит тут и говорить о том, что с такой ситуацией в окружающей среде о рациональном использовании ресурсов стоит задуматься не только заводам или большим предприятиям, но и предприятиям малого и среднего бизнеса необходимо правильно прописать экологическую политику.

А экологическая политика, в свою очередь, это - совокупность основных принципов, намерений и обязательств предприятия, создающая основу для разработки собственных экологических целей и задач. Экологическая политика, как и политика в области качества, должна быть документирована, известна и понятна персоналу и парт-

нерам. Но есть нюанс, в наших условиях чрезвычайно значимый. Экологическая политика должна быть доступна всем заинтересованным сторонам.

Более того, в этот процесс вовлечены все без исключения государственные органы, Акиматы областей, высшие учебные заведения. СМК внедрили акиматы г. Алматы, Алматинской области, а также акиматы г. Астаны и Усть-Каменогорска.

В разрезе областей, наибольшее число предприятий, внедривших СМК, находится в город Алматы и Алматинской области - 278 и 85 предприятий соответственно, Карагандинской области - 170, Восточно-Казахстанской - 110, г. Астане - 85 предприятий.

Из 548 предприятий, поставляющих продукцию на экспорт, системы менеджмента имеют 168 предприятия.

Миссией Концепции являются объединение усилий органов власти, предприятий и организаций, в том числе общественных, а также граждан для содействия решению задач в области качества и конкурентоспособности отечественной продукции и услуг, активизация деятельности по созданию и применению Систем Менеджмента, соответствующих требованиям международных стандартов, постоянного совершенствования этой деятельности на период до 2017 года.

Для организованного внедрения систем менеджмента в государственных организациях образования, государственных органах управления, государственных организациях здравоохранения необходимо определить специфику и в планах бюджетного финансирования предусматривать по этой специфике в централизованном порядке необходимые средства на эти цели.

На основе выявленных наилучших технологий пересматриваются технические стандарты и нормативы природопользования, приоритетные направления развития науки и техники, бюджетного финансирования. Как отмечается в Стратегическом плане Министерства индустрии и новых технологий РК на 2015–2017 годы: «В отличие от стран ЕС, национальные стандарты как инструмент технического регулирования не получили надлежащей оценки при разработке стратегии экономического развития Республики Казахстан, формировании и реализации государственных программ, организации закупок для государственных нужд, реализации программ государственного кредитования и обязательного страхования. Предприятия не стремятся разрабатывать и применять государственные стандарты, а используют упрощенную схему – применяют стандарты организаций, в которых изначально заложены упрощенные технологии, а получаемая продукция отличается низкими потребительскими качествами».

Под зелёной экономикой будем понимать отрасли экономики и институциональные механизмы, улучшающие окружающую среду и экологическое качество жизни на экономически выгодной и долгосрочной основе, включая опосредованную экономическую эффективность, сокращение бедности и обеспечение широкого доступа населения к чистой энергии, воде и устойчивым земельным ресурсам.

Создан технический комитет ТК 54 по стандартизации «Системы менеджмента качества». Казахстан является членом ISO/TC 176 по разработке стандартов в области управления качеством и осуществляет голосование по стандартам менеджмента.

Предусмотрены меры по стимулированию внедрения международных стандартов в области систем менеджмента.

Литература

1. Иванов И.Н. Менеджмент корпорации: Учебник. - М.: М, 2004.
2. Теория системного менеджмента: Учебник / Под общ. ред. П.В. Журавлева, Р.С. Седегова, В.Г. Янчевского. - М., 2002.
3. Савкин В.И. Механизм информационного обеспечения экологического менеджмента // Менеджмент в России и за рубежом. - 2010. - № 6. - С. 102-109.
4. Барлыбаева Н. Инновационный механизм природосберегающих технологий // Промышленность Казахстана. - 2011. - № 6(69). - С. 34-36.
5. Рахимов Р. Развитие экологического менеджмента // Промышленность Казахстана. - 2005. - № 2(29). - С. 48-50.
6. Шмаль А.Г. Экологическая безопасность в системе государственного управления. - Бронницы: МП "ИКЦ БНТВ", 2004.
7. Хлобыстов Е.В. Оценка и моделирование экологической безопасности промышленного производства: региональный аспект. - Киев: СОПС, 2006.
8. Хаустов А.П., Редина М.М. Управление природопользованием. - М., 2005.
9. Государственный доклад "О состоянии и об охране окружающей среды Российской Федерации в 2005 году".
10. Косякова И. Кадровик. // Кадровый менеджмент, 2007, N 3.

БЮДЖЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Сейітқан Ә.Ж., Кинашева Ж.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі заманғы мемлекеттік басқаруда мемлекеттік шығындардың экономикалық дамуға әсер ету мәселесі тартысты болып келеді.

Олардың экономикалық өсу қарқынына ықпал етуі қайшылықтарға толы: бір жағынан, шығындар көлемін ұлғайта отырып, мемлекет ішкі сұранысты арттырады, нарықтық инфрақұрылымды дамытады, «адам капиталына» инвестициялар жасайды, екінші жағынан, шығындарды шектен тыс ұлғайту салық ауыртпашылығын күшейтуге әкеледі, ал ол өз кезегінде экономикалық өсу қарқынына кері әсер етеді [1]. Төменгі салық түсімдер мемлекетке өз функцияларын орындау үшін қажетті қаражаттарды таба алмау қиыншылығын тудырады. Сонымен қатар салық түсімдері жетіспеушілігінің себебі салық ауыртпашылығы болуы мүмкін, осыған орай кірістерді ұлғайту салықтарды төмендету мен тиімсіз шығындардың нәтижесінде болатыны анық [2].

Бюджеттік реттеудің негізгі мақсаты экономиканың жоғары технологиялық секторларында инвестицияның өсуіне, экономикадағы инновациялық үрдістердің дамуына ықпал етуі қажет. Осы тапсырмаларды дұрыс шешкен кезде өңдеуші сектор инвестицияларды салық төлемдерін төмендету жолымен жүзеге асыруға қосымша қаражаттарды босата алады, отандық және шетелдік инвесторлар үшін қызығушылық тудырады.

Бюджеттік қаражаттарды шығындаудың негізгі бағыттарын жасау және олардың тиімділігін анықтау Қазақстан үшін ерекше мәнге ие. Біздің пікірімізше, жұмсалатын шығындардың тиімділігін үнемі бақылап отыру керек. Бақылау жасамау барлық жағдайда да мемлекеттің маңызды функцияларын орындауда қаражаттарды дұрыс бөлеуге әкеліп соқтырады.

Тиімді мемлекеттік саясат мемлекеттік шығындардың қысқаруында, ұлғаюында сипаттайды. Бұл жерде басты мәселе тек қоғамдық сектор мөлшері ғана емес, сонымен қатар, мемлекеттің өзінің функцияларын атқару тиімділігі туралы болуы керек. Мемлекеттік шығындардың шектен тыс көлемді қаражаттардың тиімсіз жұмсалуды, жоғары салық ауыртпашылығына, еңбекке деген ынтаның төмендеуіне әкеледі, бірақ бұл жерде мемлекеттік шығындарды және салықтарды қысқарту бюджеттік реттеудің тиімділігін бірден көтереді деген сөз емес. Барлық бюджеттік шығындарды бірқалыпты қысқарту оны экстен-

сивті ұлғайтумен бірдей қауіпті болуы мүмкін.

Пайыздық емес шығындарды абсолютті шамада бірқалыпты ұлғайту экономикалық өсудің позитивті факторы болып табылады, бірақ тиімді қаржылық бақылау болмаған жағдайда осындай шаралардың ынталандырушы әсері сөзсіз төмендейді [3].

Қалыптасқан жағдайдан шығу жолы бюджеттік реттеуді жүзеге асыруға қажетті материалдық базаны құруға, «шынайылықты» көтеруге және бюджеттік жүйенің барлық деңгейлерінде қаржы саласын арттыруға, сонымен қатар нарықтық инфрақұрылымды бюджеттік қаражаттарды тиімді пайдалану мен оның жеке сектор үшін қызығушылығын тудыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік секторға кешенді реформа жасау керек [4].

Ғылым мен білім беру, сот реформасы мен денсаулық сақтауға нақты шығындардың ұлғаюына байланысты позитивті беталыстарға қарамастан тұтас алғанда бюджеттік реттеу экономиканың дамуы үшін қолайлы алғы шарты ретінде әлі де болса жеткіліксіз бағытталған. Қазақстан экономикасының ұзақ мерзімдегі тұрақтылығын қамтамасыз ету міндетін бюджеттік шығындарды қысқарта отырып шешуге болады.

Қазіргі таңда бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау бюджеттік тапсырыстарды ұсыну кезінде бюджетті дайындау сатысында жүргізіледі. Бюджеттің шығыс құрамына енгізудің талаптарының бірі министрліктер мен ведомстволардың бюджеттік тапсырыстарының елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарына, индикативті жоспар бағыттарына және 2050 стратегиясына, дамудың мемлекеттік және салалық бағдарламаларына сәйкестігі және сонымен қатар осы шығындарды қаржыландырудың заңды негіздерінің болуы болып табылады.

Ғылым, білім беру, денсаулық сақтау және сот жүйелері сияқты бағыттарға арналған мемлекеттік шығындарды қысқартпай, оларды ұлғайту қажет.

Білім беру жүйесін жеткіліксіз қаржыландыру материалдық-техникалық базаның сапасына, оқытушылардың әлеуметтік мәртебесінің төмендеуіне ықпал етті. Білім беруге мемлекеттік бюджет қаражаттарының жеткіліксіздігі жоғары оқу орындарын коммерциялау есебінен толықтырылды [5].

Жоғары білімі бар мамандардың еңбек нарығының қажеттіліктерін есепке алмай стихиялы түрде өсуі кәсіби білім беру жүйесіндегі құрылып отырған жұмыс орындары мен мамандарды дайындау арасындағы теңсіздікке әкеліп отыр.

Қазақстан жағдайында мемлекетке жүктелген функцияларды ат-

қару сапасын жоғарылату институционалды реформаларды жүзеге асыру үшін маңызды қаржылық ресурстарды талап етеді. Бюджеттік шығындарды жұмсаудың тиімділігін арттыру құнды реформаны жүргізуді талап етеді. Осының салдарынан мемлекет экономикасының жағдайы төмендейді, олар қайтадан пайыздық емес шығындарды қысқартуға мәжбүр болады, сонымен қатар шығындарды қысқарту одан әрі олар тиімді жұмсалады дегенді білдірмейді. Керісінше, мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерін одан әрі қысқарту қаражаттардың жұмсалыуының тиімділігін бақылау мүмкіндігін төмендетеді.

Мемлекеттік шығындардың тиімділігін арттыру бюджеттік реттеуді жүргізудегі бағдарламалы - мақсатты тәсілді енгізумен тығыз байланысты. Бағдарламалы - мақсатты тәсілдің негізгі идеясы, бұл бюджеттік реттеуді жүргізу барысында мемлекеттік шығындар шамасын оларды жүзеге асыру нәтижесімен байланыстыру болып табылады. Сонымен қатар, қаржылық ресурс шығындар түрі бойынша емес, белгіленген мақсаттар бойынша бөлінеді. Қазақстан жағдайында бағдарламалы - мақсатты тәсілді енгізудегі басты кедергі экономиканың қайсыбір секторының жағдайы туралы нақты мәліметтердің жоқтығынан болуы мүмкін.

Нақты мәліметтер болмаған жағдайда мемлекеттік бағдарламаның орындалу дәрежесі мен қаржылық ресурстардың тиімді бөлінуін қамтамасыз ету мүмкін емес. Сонымен қатар, осы тәсілді пайдалануға объективті шектеулер де бар, өйткені барлық нәтижелер сандық мағынада есептелуі мүмкін емес. Сонымен қатар егер де бюджеттік қаражаттар қажетті нәтижені бермеген кезде де оларды одан әрі жұмсаудың объективті қажеттілігі болады.

Осы жағдайға байланысты, біздің пікірімізше, ғылыми жұмыстарды қаржыландыру тәсілін өзгерту қажет және оны бағдарламалы – мақсатты тәсіл мен ғылыми мекемелерді қаржыландыруды тікелей мемлекеттік қолдау үйлесімділігінде жүзеге асыру қажет.

Мемлекеттік тапсырыс аясында қаржыландыру үшін басым бағыттарды анықтаудың мәні зор. Мемлекет барлық ғылыми бағыттарды қаржыландыра алмайды.

Бюджеттік реттеудің тиімділігі мемлекеттік қаржы жүйесінің алдына қоятын мақсаттарды тәжірибеде жүзеге асыруға байланысты.

Қоғамның нақты қызығушылық тудыратын ұжымдық игіліктерді өндіруге бағытталған бюджеттік реттеуді жүргізудегі басты қиыншылық сандық және сапалық критерийлер жүйесі негізінде мемлекеттік шығындардың тиімділігін бағалау. Сонымен қатар, негізгі мәселе тиімділіктің сандық критерийін тандау болып табылады.

Бюджеттік шығындардың тиімділігін бағалау олардың әлеуметтік

және экономикалық тиімділігін шектеуді қарастырады. Әлеуметтік тиімділік деп бюджеттік шығындардың бір бірлігіне шаққандағы белгілі әлеуметтік нәтижеге жету деп түсініледі.

Елдің әлеуметтік және экономикалық дамуының деңгейін көтеру үрдісі көп жағдайларда мемлекеттің әсерінің тиімділігіне тәуелді болады, ол ең алдымен бағдарламалы - мақсатты тәсілдерге негізделген республикалық бағдарламалар жүйесі арқылы жүзеге асырылады [6].

Бюджеттің атқарылуына бақылау жасау формальды сипатта болады және негізінен бюджеттік қаражаттардың мақсатты пайдаланылуына бақылаудың азаюын сипаттайды. Сонымен қатар, бюджеттік шығындардың әлеуметтік-экономикалық нәтижелілігі мәселелері шеттеп қалады. Осылайша, бюджеттік реттеу шеңберінде қаражаттарды жұмсау осы шығындарға бағытталған нәтижелермен формальды байланыста болады.

Институционалды реформалар (әскери, сот, әкімшілік, ғылым мен білім беру кешені, медицина) ресурс жинау әлеуетіне ие, бірақ алғашқы кезеңдерде олар үздіксіз бюджеттік қаржыландыруды қажет етеді. Осындай шығындар экономикаға оң әсер етіп, ұзақ мерзімді болашақта тұрақты өсуге іргетасты қалайды. Мысалы, Польша мемлекетінде институционалды реформаларды жүргізуге жылына ЖІӨ-нің 2%-ы жұмсалады.

Республикалық мақсатты бағдарламалар әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды басымдықтарына бағдарламалы тәсілмен жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, мемлекеттің бюджеттік реттеуді жүргізуінің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Осындай тәсілді Ресей тәжірибесінде қолдану осы салада үлкен кемшіліктердің бар екендігін көрсетті. Ол тәжірибе жүзінде, Ресей экономикасының құрылымдық қайта құрылуына бағытталған, институционалды реформаны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құралға қарағанда, жекелеген жобаларды бюджеттік қаржыландыру тәсілі болды.

Орта мерзімді жоспарлау, бағдарламалы - мақсатты тәсілдің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Орта мерзімді бюджеттік жоспарлаудың болмауы институционалды реформаларды жүргізуге кедергі келтіреді. Институционалды реформаларды үздіксіз қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында және мемлекеттік қаржы жүйесін жалпы тұрақтылық деңгейінде ұстап тұру үшін Қазақстанда мемлекеттің міндеттемелерін қарастыратын орта мерзімді бюджеттік жоспарлау жүйесі ендірілген. Орта мерзімді жоспарлау бюджеттік реттеудің стратегиялық бағыттарын жүзеге асыруда конъюктуралық факторлардың әсерін төмендетуге мүмкіндік беретін құрал болып табылады.

Бюджеттік реттеудің тиімділігі мемлекеттік қаржы жүйесінің алдына қоятын мақсаттарды тәжірибеде жүзеге асыруға байланысты.

Қоғамның нақты қызығушылық тудыратын ұжымдық игіліктерді өндіруге бағытталған бюджеттік реттеуді жүргізудегі басты қиыншылық сандық және сапалық критерийлер жүйесі негізінде мемлекеттік шығындардың тиімділігін бағалау. Сонымен қатар, негізгі мәселе тиімділіктің сандық критерийін тандау болып табылады.

Бюджеттік шығындардың тиімділігін бағалау олардың әлеуметтік және экономикалық тиімділігін шектеуді қарастырады. Әлеуметтік тиімділік деп бюджеттік шығындардың бір бірлігіне шаққандағы белгілі әлеуметтік нәтижеге жету деп түсініледі.

Бюджеттік үрдісті ұйымдастырудың қазіргі заманғы беталысы бюджетті орта мерзімді жоспарлауға өтуін, бюджеттік өкілеттіліктің институционалды нормалары мен нақты әдістемесінің өсуін қарастырады [7].

Мемлекеттік шығындардың энергия тасымалдаушылардың әлемдік бағаларына тәуелділігі, мемлекеттік қарыздың маңызды бөлігі, сонымен қатар, салық ауыртпашылығын төмендету қажеттілігі олардың тұрақтылығын орта мерзімді болашақта қамтамасыз ететін механизмдерді жасау қажеттігін білдіреді. Қаржы ресурстарын үнемдеудің елеулі мүмкіндігі мемлекеттік сатып алу жүйесін ұжымдандыру болып саналады.

Дамыған елдерде мемлекеттік сатып алу конкурсты сауда негізінде жүзеге асырылады, ол бюджеттік шығындардың тиімділігіне әкеліп, түрлі заңсыз іс-әрекеттерді болдырмауға жеткізеді.

Мемлекеттік сатып алуларды ашық конкурс негізінде жүзеге асыру әр түрлі бағалаулар бойынша бюджеттік қаражаттарды едәуір үнемдейді. Мемлекеттік сатып алу тұрақтылық және «шынайлығы» қағидаларын сақтай отырып жүзеге асырылуы қажет, өйткені ол мемлекет пен жабдықтаушы арасындағы қаржылық қарым-қатынастың транспаренттілігі қарастырады. Бұл үшін бюджет жүйесінің барлық деңгейінде мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру тәртібін реттейтін заң болуы қажет.

Салық жүйесінің реформасы мемлекеттің қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруы қажет. Мемлекеттік шығындарды реформалау үрдісінде қабылданған бағдарламалық құжаттар бюджеттік қаражаттарды шығындаудың тиімділігін арттыруға бағытталуы қажет. Бюджеттік қаржыландыру әлі де болса нақты нәтижелерге аз байланысты, сондықтан әрдайым әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге ықпал ете алмайды.

Осылайша экономикалық дамудың жолына кедергі болатын не-

гізгі кедергілерге тек қана жоғары салық ауыртпашылығы ғана емес, сонымен қатар мемлекет өндіретін игіліктердің шығындар деңгейіне сәйкес келмейтін төменгі сапасы да әсер етеді. Мемлекеттік шығындар жүйесін кешенді реформалаусыз салық ауыртпашылығын төмендету ұзақ мерзімді болашақта мемлекеттің қаржы жүйесін тұрақтандыруға әкелмейді.

Осылайша, салық ауыртпашылығын төмендету тек қана салықтарды төмендетумен ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік шығындардың тиімділігін арттыру мен мемлекеттің өз қызметін сапалы атқаруына да байланысты болады.

Бюджеттік қаражаттар ең алдымен ұзақ мерзімді болашақта экономикалық өсуге ықпал ететін негізгі бағыттарға шоғырлануы қажет [8].

Әдебиеттер

1. Аманжол М. Экономикалық дағдарысты мемлекеттік реттеудің тәжірбиелік және әдістемелік мәселелері // Қоғам және дәуір, 2010. – № 2. – Б. 118-119.
2. Баймағамбетов С. Современная социально-культурная политика. – Астана, 2013.
3. Бопиева Ж.К. Модернизация экономики Казахстана: теоретические основы, потенциал, механизмы. – Карағанды, 2005.
4. Пунин Е.И. Маркетинг, менеджмент и ценообразование на предприятиях. – М., 2003.
5. Құлпыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы. – Алматы, 2010.
6. Орманбеков Ә.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің кейбір мәселелері. - Алматы, 2002.
7. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеу. - Алматы, 2000.
8. Алимбаев А.А., Таубаев А.А. Кластерлерді қалыптастыру және дамыту. – Қарағанды, 2005.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТУРИЗМДІ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Ерембекова Д., Кинашева Ж.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Туризмді дамытудың мақсаттары мен қағидалары.

Туризмді дамытудың мақсаты:

- сапасы, халықаралық туристік рынок жағдайында өндіруге, сатуға және бәсекелестікке төтеп беретін өнім өндіруге және сатуға қабілетті, рентабельді туризм индустриясын құру жолымен туризмді экономиканың табысы жоғары салаға айналдыру;

- республиканың туристік әлеуетін арттыру;

- тарихи-мәдени және табиғи - рекреациялық ресурстарды сақтау және ұтымды пайдалану;

- халықтың барлық жіктерінің туристік ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз ету, туристік қызмет көрсетуге деген сұранысты барынша қанағаттандыру;

- тұрғындардың жұмыспен қамтылуын ынталандыру;

- мемлекеттік және жеке құрылымдардың туризм саласындағы өзара бірлескен іс-қимылының тиімділігін арттыру;

- шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту болып табылады.

Республикада саланы дамыту мынадай қағидаттарды негізінде жүзеге асырылады:

- әрбір адамның демалу және бос уақытын өткізуге деген құқығын іске асыруы;

- халықтар мен мемлекеттер арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықтың ізгілік сипатын, бейбітшілік пен сыйластық, нәсіліне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтау;

- әділеттік пен егемендік, саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйесіне қарамастан, мемлекеттердің ішкі ісіне қол сұқпау;

- қоршаған ортаға және мәдени игіліктерге ұқыпты қарау;

- әлеуметтік тепе-теңдік пен даму, жеке адам мен қоғамның игілігін арттыру;

- туризмді тұрақты дамыту.

Алға қойылған мақсаттарды іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- туризм саласындағы мемлекеттік саясатты жандандыру;

- туристік қызметті реттеу жүйесін жетілдіру;

- туризм индустриясының құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін одан әрі дамыту;

- туристік рынокты демпингке қарсы және мемлекеттік қолдаудың басқа да шараларын қабылдау арқылы қорғау;

- туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- тартымды туристік объект ретінде Қазақстанның беделін қалыптастыру;

- ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру;

- туризм саласындағы ғылыми зерттеулерді тереңдету;

- туризм саласындағы қызмет көрсетудің статистикалық есебінің әдіснамасын халықаралық стандартқа сәйкестендіру;
- туристік объектілерді қайта жаңғырту мен салу үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту жолымен туризм инфрақұрылымын дамытуды ынталандыру;
- туристік қызметті стандарттау, сертификаттау мен лицензиялау негізінде туристерге қызмет көрсетудің сапасын арттыру;
- туризм саласындағы кадрлар даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту;
- туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету, теріс әлеуметтік әсерлерді бәсеңдету және мәдени мұраны сақтау;
- туризм саласындағы келеңсіз үрдістерден арылу.

Маркетинг стратегиясын әзірлеу

Ұлттық туристік өнім және оны дамытудың әлеуметіне сәйкес маркетинг стратегиясын әзірлеу қажеттілігі бар.

Маркетинг стратегиясын іске асыру мақсатында мемлекет мынадай міндеттер белгілеп отыр:

- сапалы туристік қызмет көрсетуді ұсынатын туристік орталық ретінде Қазақстан туралы туристер жіберілетін негізгі елдерде жағымды пікір қалыптастыру;
- Қазақстанды ерекшелейтін сипаттамаларға және артықшылықтарға негізделген маркетингтік іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- қосымша мүмкіндіктер бере отырып, төлем қабілеті жоғары деңгейдегі туристерді тарту;
- жеке сектордың маркетингтік жұмысына қолдау көрсету;
- Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Ресей, Қытай, Жапония және т.б. туристер ағынының дәстүрлі рыноктарына ұлттық туристік өнімнің енгізілуін күшейту;
- рыноктың жаңа сегменттерін айқындауға бағытталған зерттеулер жүргізу;
- ел аумағында орналасқан көрнекті туристік орындар мен объектілердің бүкіл ауқымын әлемдік рынокқа жал жыту;
- ғылыми негізделген өткізу әлеуетін ескере отырып, республика аумақтарына туристік ағынның теңдестіре бөлінуін қамтамасыз ету;
- жыл ішінде туристік инфрақұрылымның бірқалыпты жүктемесін қамтамасыз етуге бағытталған маркетингтік және бағалық тәсілдерді қолдану арқылы туризмнің маусымдық жылжытылуын күшейту;
- ұлттық туристік өнімді жылжытудың жаңа ақпараттық техно-

логияларын пайдалану;

- туризмді дамытудың тұрақты сипатын насихаттау қажет.

Бағдарламаның басты мақсаты – қазақстандық және шетелдік азаматтардың әртүрлі туристік қызметтерге қажеттілігін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешен құру, саланы дамытудың экономикалық және құқықтық тетіктерін әзірлеу әрі Қазақстанның туристік өнімінің сапасын қамтамасыз ету жөнінде мемлекеттік деңгейдегі шараларды іске асыру [2].

Бағдарламаның міндеті

Бағдарламаның қойылған міндеттерге сәйкес бірінші кезектегі міндеттері мыналар болып табылады:

- туризмде әлеуметтік-экономикалық өзгермелі жағдайларға, мақсаттарға, қағидаттарға және туристік қызметті жүзеге асыру міндеттеріне жауап беретін мемлекеттік реттеудің жаңа көзқарастар жүйесін қамтамасыз ету;

- мемлекеттің туризм саласында республикалық уәкілетті орган арқылы әрекет ететін басқарудағы, атқарушы органдар мен ұйымдар арасында өзара іс-қимылын реттеудегі рөлін күшейту;

- Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың нормативтік құқықтық базасын, осы саладағы мемлекеттік реттеу тетігін жетілдіру;

- туристік саланы кадрлық, ғылыми әдістемелік, жарнама – ақпараттық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

- туризмнің инфрақұрылымын дамыту.

- туризмнің материалдық базасын жаңғыртуға, жаңа объектілері құрылысын жандандыруға жәрдемдесу жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;

- Қазақстанның туристік өнімін туристік қызметтердің әлемдік рыногына жылжыту;

- туризм және қызмет көрсету салаларында шағын кәсіпкерлікті дамытуды, халықтың жұмыспен қамтылуын ынталандыруды қамтамасыз ету;

- сала субъектілерін инвестициялау және қаржыландырудың, кредиттеудің басқа да нысандары үшін жағдайлар жасау.

Бағдарламаны қаржыландыру

Бағдарламаны іске асыру үшін боланы отырған шығыстар мынаны құрайды: республикалық бюджеттен 2014-2016 жылдарға жыл сайын – 32604 мың теңге; жергілікті бюджеттен 2014 жылға – 125989,7 мың теңге; 2015 жылға – 84898,5 мың теңге, 2016 жылға –

83448,3 мың теңге, сондай-ақ басқа да қаражат тартылуы мүмкін.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру барысында туризмнің ішкі және келу бағыттары бойынша туристердің жалпы ағынының 2014 жылы 80 мың адамнан 2016 жылы 150 мың адамға дейін тұрақты өсуін қамтамасыз ету көзделуде, бұл ретте ол жыл сайын орта есеппен 17500 адамға өседі деп болжанып отыр.

Келу туризмінің көлемін 2014 жылы 24 мың адамнан 2016 жылдың аяғына 60 мың адамға дейін көбейту болжанып отыр. Бұл ретте екі бағытта да туристердің жалпы көрсеткіші бойынша келу туризмінің үлесі 2003 жылы 30%-дан, келесі жылдары 40%-ға дейін артаыны стратегиялық тұрғыдан алғанда маңызды болып табылады және жылына 7 мың адамға дейін өсетін болады.

Ішкі туризмнің көлемі де 2014 жылғы 56 мың адамнан 2016 жылы 90 мың адамға дейін көбейеді. Республиканың ішінде туристер ағынының жыл сайынғы өсуі 10500 адамды құрайды деп күтілуде.

Бағдарламаны іске асырудың тиімділігі 2014-2016 жылдарға арналған болжамды көрсеткіштер бойынша есептелінеді.

Бір шетел туристі өзінің болуы кезінде бюджетке орташа есеппен 700 АҚШ долларын әкелген жағдайда, келу туризмінен бюджеттің жыл сайынғы толықтырылуы мыналарды құрайды:

2014 жылы – 32,2 млн. АҚШ доллары;

2015 жылы – 37,1 млн. АҚШ доллары;

2016 жылы – 42 млн. АҚШ доллары.

Келу туризмінен барлығы 2014-2016 жылдар кезеңіндегі бюджет түсімінің жиыны 111,3 миллион АҚШ долларын құрайтын болады.

Әлемдік практикада бір шетелдік туристке қызмет көрсетуден 9 жұмыс орны құралатынын ескерсек, онда келу туризмі есебінен 2014 жылы – 414 мың жұмыс орнын, 2015 жылы – 477 мың жұмыс орнын, 2016 жылы – 540 мың жұмыс орнын ықтимал қамтуға қолдау көрсетіледі.

Жалдау арқылы жұмыс істейтін қызметкерлердің орташа жалақысы жылына шамамен 20%-ға өсуін ескеріп (немесе нақты көрінісінде 6 пайызға), келу туризмі көлемінің ұлғаюы арқасында жұмыспен қамтылған халықтың табысы өсе түседі.

Бағдарламаның іске асырылуы республикалық бюджетке едәуір түсімді қамтамасыз етеді.

Бағдарламада әзірленген шаралар елдің ішіндегі де, сондай-ақ шет елден келетін туристер ағынының бұдан әрі ұлғаюына жәрдемдеседі және түпкі нәтижесінде халықаралық кәсіпкерлік және іскерлік

ынтымақтастық саласы ретінде ұлттық туристік өнім тартымдылығының артуына едәуір қол жеткізетін болады.

Қазіргі туризм – бұл әлемдік экономиканың құлдырауын білмейтін саласы.

Қорыта айтқанда жалпы туризм мемлекетке 3 оңтайлы нәтиже береді:

1. Шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді және төлем теңгерімі мен жиынтық экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң ықпал жасайды.

2. Халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етеді. Бүкіл әлемдік туристік ұйым (БТҰ) мен Бүкіл әлемдік туризм және саяхат кеңесін бағалау бойынша туризм өндірісінде құрылатын әрбір жұмыс орнына жұмыс орны келеді. Туризм тура немесе жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына ықпал жасайды.

3. Елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі.

Туризм елдің тұтас аудандарының экономикасына белсенді әсер етеді.

Туризм саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерінің құрылуы немесе жұмыс істеуі жол көлігі, сауданы коммуналдық тұрмыстық, мәдени, медициналық қызмет көрсетуде дамытумен тығыз байланысты. Сөйтіп, туризм индустриясы басқа экономикалық секторлардың көпшілігімен салыстырғанда неғұрлым дәрменді мультипликаторлық тиімділікке ие.

Туризм жеке және ұжымды жетілдіру құрамы ретінде жоспарлануы және тәжірибеге іске асырылуы тиіс демалыспен, бос уақытты өткізуді спортпен айналысумен байланысты қызмет.

Туризм жылдам және тұрақты дамуы, оның қоршаған ортаға барлық секторларымен қоғамның әл-ауқатын күшті әсерін назарға ала отырып, үкімет Қазақстанның ұзақ мерзімдік дамуы бағдарламасында туристік саласы басымдық ретінде белгілі.

Осы тұжырымдама туризм саласында тұтас мемлекеттік саясатты қалыптастыруды, Қазақстанда қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті туризм индустриясының құқықтық ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін қалыптастыруды көздейді [3].

Әдебиеттер

1. Папирян Г.А. Экономика туризма. - М.: «Финансы и статистика», 2008.
2. Зорин И.В. и др. Менеджмент туризма. - М., 2006.
3. Сапрунова В. Туризм: эволюция, структура, маркетинг. - М., 2007.

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ ДАМУДА БӘСЕКЕЛЕСТІК СТРАТЕГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сандыбаев Е.Е., Кинашева Ж.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Нарықтық қатынас жағдайында тиімді еңбек ету бәсекелестік тартымдылықты күрделей түсе отырып, кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуіне итермелейді. Сапалы бәсекеге лайықты өнім өндіруге барлық өндірістер жұмыс істейді, бұл олардың тұрақтылық пен жаңалаудың бір түрі. Осы қойылған мақсаттарына жету үшін, олар өздеріне ұзақ мерзімді бағдарлама қабылдайды.

Экономикада тұрақты экономикалық өсуді ұстап тұру үшін, экономикалық жүйені нығайтуға және тұрақтандыруға керекті ең пәрменді механизмін пайдалану керектігі туып отыр. Мұндай механизм жеткілікті. Осындай, механизмнің бірі – стратегиялық жоспарлау. Бұл жүйе экономикалық тәуелсіздік өсу жолына бет алған әлемнің көптеген мемлекеттерінде XX ғасырдың аяғынан бастап кеңінен қолданыла бастады.

Өндірістерде және экономикада бәсекелестік жағдайында жандандыру үшін өнім өндіруде шаруашылықтарға сәйкес тұжырымдамасына қатысып, ондағы қойылған мәселелерді талдай отырып, болжам дайындау. Бұл жөнінде американдық экономист-ғалым М. Портердің айтуынша «Бәсекелестік стратегиясын» жандандыру шаруашылықтың сапалы өнім өндіруіне ұмтылдырады дегенді айтқан. Шаруашылық бәсекелестік стратегиясын жасай отырып, өзінің тиімді мол көлемде өнім өндіруге, ұзақ мерзімде алдыңғы қатарда болуға ұмтылатындығын көптеген мемлекеттердің жұмыс тәжірибелері көрсетуде. Оның айтуы бойынша: «Көп салалы бәсекелестік стратегиясы болмайды, тек қана стратегия белгілі саланың жағдайымен әр бір шаруашылықтың игілігінде бар капитал мен дағдысымен келісілген жетістік әкелуі мүмкін», дегенді айтқан.

Осы белгіленген стратегиялық даму болжамында М. Портердің айтуы бойынша екі басты факторларды іске асыру керек. Олар: саланың құрылымы, шаруашылық жұмыс жасайтын және сала аясында оның алып тұрған орны (позициясы). Ол үшін бірінші кезеңде саланың құрылымын анықтау керек, екіншіден ондағы бәсекелестік күштердің қатынастарын құрайтын факторларды білу болып табылады. Зерттеулердің көрсетімі - болжамы бойынша оны анықтауда жүргізілетіні анықталды. Олар:

- бәсекелестіктің өзара байланыстылығы;
- жаңа бәсекелестің пайда болу қаупі;

- тауар жеткізіп берушілердің саудаласуға қабілеттілігі;
- сатып алушылардың саудаласуға қабілеттілігі;
- тауардың пайда болуы және ауыл шаруашылық қызметінің қауіпі [1].

Осы күштердің бір-бірімен қатысуы арқылы олардың жұмсайтын шығынына және инвестицияны пайдалану шамасына қарай шаруашылық баға белгілеуі мүмкін, оған келістік күштер әсер етуі мүмкін.

Өндіріс саласындағы бағыт алған бәсекелестіктің артықшылығы, шаруашылықтардағы нарықтық ортаны тұрақтылығымен қамтамасыз етілуі қарастырылады. Ол екі әдіспен жеткізілуі көзделеді: біріншісі – ең төменгі шығынмен массасы көп пайданы алуға мүмкіндік туғызатын, немесе сатылатын өнімдерді дифференциациялар арқылы жүргізу. Дегенмен, саладағы бағытқа бәсекелестік өрістің таңдалуы әсер етеді: сатылатын өнімнің өндірілуінің түрі, өткізу нарығы, тұтынушыларға қызмет көрсету айналымы, жақын орналасқан шаруашылықтардың саны (тартымдылық әлеуеті) [2].

Өндірістерде өнімді жоспарлаудың бағдарламалық-мақсаттық әдісі экономикалық құбылыстарға, ірі мәселелерді шешуге жүйелік, кешенді көзқарас керектігіне негізделген. Себебі, кез-келген саланың дамуы, басқа да салалардың шикізат беретін, отын-энергетика, қосалқы бөлшектер шығаратын және сол саланың өнімдерін пайдаланатын, сол салаға әр түрлі қызмет көрсететін (тасымал, байланыс т.б.) салалардың даму көрсеткіштерімен тығыз байланысты болады. Сондықтан алға қойған мақсатқа жету жолдарын көрсететін жоспар (стратегия) жасалған кезде осы жоғарыдағы көрсетілген байланыстардың бәрі ескерілуі керек.

Бағдарламалық-мақсаттық әдіс мемлекеттік, салааралық және аймақтық бағдарламалар қабылдағанда қолданылады. Олардың алға қойған мақсаты анықтала отырып, сол мақсатты орындаудың жолдары мен құралдары көрсетіледі. Ірі бағдарламаларда бірнеше кіші бағдарламалар болады. Олардың өзіндік маңызы болады және экономикалық тиімді жолдары көрсетіледі.

Бағдарлама - мақсаттық әдісінде оның ішінде бірнеше күрделі мәселе қаралады:

- өндірістің экономикалық дамуындағы негізгі мәселелер: ғылыми-техникалық, экономикалық, әлеуметтік;
- мәселелерді шешу үшін материалдық, еңбек және қаржы, тағы басқа ресурстарды тиімді пайдалану жолдары;
- кешенді мәселелерді шешу үшін ресурстарды үйлестіру, баланстық үйлестіру деңгейлері;
- кешенді бағдарлама көрсеткіштерін салалық және аумақтық

жоспарлаумен байланыстылығы.

Қазіргі экономиканың әлемдік бәсекелестікте шаруашылықтардың тәжірибесінде жалпы мемлекеттік макроэкономикалық жоспарлау бюджеттік, стратегиялық, индикативті, директивті түрлерге бөлінуде. Соның ішінде экономикасы дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін, бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін, Қазақстанға стратегиялық және индикативті жоспарлаудың маңызы айтарлықтай болып отыр.

Стратегиялық жоспарлау дүние жүзіндегі мемлекеттердің кеңінен қолданып жүрген арнаулы білім (қызмет) саласы.

Стратегиялық жоспарлаудың мәні, шектеулі қор көлемі бойынша дамудың магистралды бағытын тауып, экономиканың қолайлы тұстарын тиімді пайдаланып жағымсыз жақтарының әсерлерін бейтараптандыру.

Егер күшті (ұтымды) және әлсіз жақтарын талдауда саланың ішкі факторлары қаралатын болса, онда мүмкіндіктер мен қатерлерді бағалауға сыртқы факторлар зерттеледі. Оның ішінде, нарықтың қатерлі бәсекелестік дұрыс. Өйткені, пайдаланылмаған мүмкіндік, оны бәсекелестер дұрыс пайдаланған жағдайда қауіп-қатер болып шығуы мүмкін.

2007 жылы аймақта өңдеуші өнеркәсіп орындарында жылдық өсу қарқыны 8-8,4% мөлшерінде болса, ол 2020 жылы еңбек өнімділігі кемінде үш есеге арттыру және жалпы ішкі өнімде энергия сыйымдылығын 2 есе төмендету, өңдеуші өнеркәсіптердің негізгі қорларының өнімділігін арттыру белгіленген:

- кәсіпкерлік ахуалды, құрылымды және жеке секторларды ынталандыратын, әрі бәсекелестік артықшылықты жетілдіретін қоғамдық институттарды қамту, қосылған құнға барынша қол жеткізе отырып, нақты өндіріске қосылған құндар тізбегіндегі элементтерді игеру;

- ғылымды көп қажет ететін және жоғарғы технологиялық экспортқа негізделген өндірістерден өнім өндіру бәсекеге тартымды, оларды ынталандыру;

- мемлекеттің экспорттық әлеуметтік қосылған құны, жоғарғы тауарлар мен қызметтердің пайдасына қарай әртараптану;

- сапаның әлемдік стандартына көшу;

- дүние жүзілік ғылыми-техникалық және инновациялық үрдістерге қосыла отырып, өңірлік және әлемдік экономикамен ықпалдасуды күшейту қарастырылған.

Стратегиялық жоспарлаудың республика бойынша 2010-2020 жылдарда жүзеге асыру кезеңдері:

- 1-кезең 2010-2011жылдар;

- 2-кезең 2012-2016 жылдар;

- 3-кезең 2017-2020 жылдар.

Стратегия жоспарын іске асыруға жұмсалатын инвестициялық сипаттағы тікелей шығындардың болжамды мөлшері жылына 1,2 млрд. АҚШ долларына белгіленген. Ал, стратегияны іске асыруға белгіленген мемлекеттік шығындардың құны 2012 жылғы бағалармен жылына 260 млн АҚШ долларын құрайтыны қаралған.

Стратегиядағы іс-шараларды қаржыландыру үшін Даму Банкінің, инвестициялық қордың, инновациялық қордың қаржыларын тарту белгіленген.

Болжамдар бойынша индустриялық-инновациялық саясатты белсенді жүргізу экономиканың өсу қарқынын жылына кемінде 8,8-9,2 пайызға қамтамасыз етеді. Бұл 2007 жылмен салыстырғанда 2020 жылы жалпы ішкі өнім көлемін 3,5-3,8 есеге көбейтуге мүмкіндік беретінін көзделуде. Ал, өңдеуші кәсіпорындарда жылдық орташа өсу қарқыны 8-8,4 пайызға дейін жеткізуге, еңбек өнімділігін салыстырмалы жылдары кемінде 3 есе арттыруға, ЖІӨ-ге энергия сыйымдылығын 2 есе төмендетуге мүмкіндік береді.

Стратегия жоспарын іске асыруда:

- жалпы ішкі өнім құрылымында өнеркәсіптің үлестік салмағы 2020 жылы 46,5 пайыздан 50-52 пайызға дейін мөлшерде ұлғаяды;

- ЖІӨ-дегі құрылымдарда ғылыми және ғылыми-инновациялық қызметтің үлестік салмағы 2007 жылғы 0,9 пайыздан 2020 жылы 1,5-1,7 пайызға артады.

Сонымен, Қазақстанның 2020 жылға арналған мемлекеттік экономикалық стратегиялық жоспары ішкі саясатты қалыптастырып жаңа экономика салаларын әртараптандыру арқылы дамудың шикізаттық бағытынан, тұтынушыларға дайын өнім жеткізу кезеңінен өтіп, мемлекеттің тұрақты дамуына қол жеткізуге мүмкіндік алатынын айтуға болады.

Республикадағы өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге қабілетті және экспортқа төтеп беретін, бейімделген тауарлар, жұмыстар және қызметтер өндірісі мемлекеттік индустриялы - инновациялық саясаттың басты бағыттары болып қала бермек.

Дегенмен, қазіргі кезде Қазақстанның экономикасы, әлемдік экономиканың жаһандану жағдайында, бірқатар мәселелерге тап болуда. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

- өндірістердің әлі де болса шикізаттың бағыттылығының барлығы;

- экономиканың, әлемдік экономикадағы бірлесуіне әлсіздігі;

- мемлекет ішіндегі салааралық және өңіраралық экономиканың бірлесуінің босандығы;

- ішкі нарықта тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы;
- өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы;
- кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалушылығы;
- ғылым мен өндірістің арасындағы өзара тығыз байланыстың болмауы;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға қаржының аз бөлінуі;

- ғаламдану үрдісіне, менеджмент және сервистік – технологиялық экономиканың өтуге бейімделмеуі, міндеттерінің сәйкес келмеуі.

Осы мәселелерді шешу үшін, Даму Банкі, мемлекеттің инвестициялық қоры және басқа стратегиялық жоспарлауға қатысатын институттар ғылымды және инновациялық қызметтерді ынталандыратын бағыттарды және инновациялық саясатты жүргізулері керек. Осы қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қаржы нарығын одан әрі дамыту және білім беру, монополияға қарсы, инфрақұрылымдық саясатты жетілдіру мәселелері алда тұр.

Енді, стратегиялық жоспарлаудың әлемдік тәжірибесіне талдау жасасақ, оларда жоспар сыртқы және ішкі факторларға қарай 2016-2017 жылдары экономиканы дамытудың қарқындарын негіздейтін орталық және жергілікті ұйымдардың экономикасын жеке және мемлекеттік секторларды дамыту үшін іс-қимылын анықтау белгіленді.

Стратегиялық жоспарлауда, әлемдік тәжірибе сәтті де, сәтсіз де стратегиялар жеткілікті. Кей жағдайда, орындалуы мүмкін емес стратегиялық жоспар, нәтижелі түрде жүзеге асырылады, керісінше, кейбір стратегиялық жоспар тиімді ұйымдастырылғандығынан, іс-әрекеттерінің байланыссыз жүргізілмегендігінен және т.б. себептерге байланысты іске аспай қалады. Мұндай жағдай ауыл шаруашылықтарында көптеп кездеседі.

Өндірістерде жоспарланған стратегия аралас болуы да мүмкін, нақты жағдайға байланысты жоғарыдағы көрсетілген стратегиялардың элементтерінен құрылуы мүмкін.

Стратегиялық жоспарлардың орындалуын кезеңдерге бөлу керек. Ол ішкі және сыртқы бақылау үшін қажет [3].

Әдебиеттер

1. Мамыров Н.К., Ихданов Ж. Государственное регулирование экономики в условиях Казахстана (теория, опыт, проблемы). Учебное пособие. - Алматы, 2008.
2. Курбанов С.К. Курманбаев С.К., Нуременов Н.Г. Антикризисное

регулирование и управление в аграрной сфере Республики Казахстан // Научное издание. - Алматы, 2008.

3. Шукуров А.К. Механизм государственного регулирования сельского хозяйства в регионе и проблемы его развития // Вестник ОГУ №7, 2009.

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ДАМУЫНА ТАЛДАУ

Алтай А., Кинашева Ж.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Бүгінгі күні Қазақстанда мемлекеттік қызметтің конкурсты – мансаптық үлгісі жүргізілуде. Аталмыш үлгі өзін айтарлықтай тиімді екендігін танытты, алайда қазақстандық үлгі тек жақсы ұйымдастырылған түрде ғана емес, сонымен қатар, ТМД елдері үшін үлгілі нұсқа ретінде болуы қажет. Белгіленген мәселелі сұрақтарды есепке ала отырып, мемлекеттік қызметтің қазақстандық жүйесінің әрі қарайған жетілдіруде келесі ұсыныстарды бөліп көрсетуге болады.

1998 жылы 18 қыркүйекте алғаш рет посткеңестік кеңістікте, Қазақстанда ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен мемлекет Басшысына тікелей бағынышты және есепті құзыретті орган – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі құрылды. Аталмыш орган мемлекеттік қызмет аясында біріңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асырады. Осылайша, ел Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясында қойылған міндеттер негізінде мемлекеттік қызмет реформасы мемлекеттің маңызды институты ретінде негіз қалады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәртебесі ҚР Конституциясымен, ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» заңымен және басқада нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Соңғы жылдары жүргізілген реформалардың нәтижесінде мемлекеттік қызмет саласы түбегейлі өзгеріске ұшырады. Осылайша мемлекеттік қызметшінің құқықтық мәртебесі де жаңаша сипатқа ие болды.

Елбасының саяси еркінің және уәкілетті органның арқасында, біршама аз уақыт ішінде мемлекеттік қызмет байланысын регламенттейтін жаңа «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң және 20 заңдық актілер қабылданды. Бұл үлкен жұмыс Агенттіктің бірінші Төрағасы Ә. Байменовтың басшылығымен жүргізілді [1].

Елбасы 2013 жылдың 14 желтоқсанында мемлекеттік қызметтің жаңа жүйесі туралы Заңға қол қойды. Ал, 2014 жылдың 26 наурызынан бастап «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңдағы өзгерістер қолданысқа енгізілді. Бұл Мемлекет басшысының саяси күш-жігерінің арқасында Қазақстанда мемлекеттік қызметтің жаңа моделі қалыптасып, осы саладағы реформаның жаңа кезеңі жүзеге асырылатынын білдіреді.

Мәселен, мемлекеттік қызметшілер санатына бұрын мемлекеттік басқару жүйесінде болмаған «А» корпусы қосылады. Олар – Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын кадр резервіне іріктеудің және конкурстық іріктеудің ерекше тәртібі, сондай-ақ арнайы біліктілік талаптары көзделген басқарушылық деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік лауазымдар. Яғни, оған министрліктердегі қазіргі жұмыс жасап жатқан жауапты хатшылар мен комитет төрағалары т.б. жатады. Олардың барлығы арнайы тесттен өтеді, оның ішінде ескеретіні осы санаттағылардың барлығының мемлекеттік тілден тест тапсырады.

Жаңа заң бойынша «Б» корпусы деген ұғым пайда болған. «А» корпусына басқарушы қызметкерлер топталатын болса, «Б» корпусына атқарушы, яғни орындаушы қызметкерлер жиынтығы. Кадрларды, мемлекеттік қызметкерлерді бұлайша бөлу – мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік сатыда көтерілуін дұрыс жүргізуге, жалпы алғанда, мемлекеттік қызмет сапасын арттыруға жағдай жасайды. «А» корпусында жұмыс жасау үшін қызметкер алдымен «Б» корпусында ұзақ та қажырлы еңбек етуге тиіс. Тек содан кейін ғана оған алғашқы корпусқа өтуге мүмкіндік тұмақ. Бұл – еліміздегі мемлекеттік қызмет жүйесінің жанданып және мемлекеттік қызмет сапасының жақсартылып, келе жатқанын көрсетеді.

Енді жоғары лауазымды шенеунік басқа қызметке ауысқанда өзімен бірге кеңесшісін, көмекшісін және баспасөз хатшысын ғана алып бара алады.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметкерлердің алаңдататын мәселелердің бірі жұмыс орынының сақталып қалуы. ҚР Мемлекеттік қызмет туралы заңының 8 бабына енгізілген жаңа 8-1 бөлігіне сай, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде оқуға немесе тағылымдамаға жіберген жағдайда жұмыс орнының (лауазымының) сақталуы қарастырылған.

Жаңа қабылдаған заң бойынша мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттеріне: қызмет этикасы нормаларын сақтау, лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде бейтарап және саяси партиялар-

дың, діни және өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болу, мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті тек қызметтік мақсатта пайдалану міндеттері қосылған.

Жаңа Заңды қабылдау мемлекеттік қызметтің шетелдік жүйесін алдын ала мұқият зерделеуді қажет етеді. Халықаралық тәжірибе сараптамасы көрсетіп отырғандай демократиялық мемлекеттің негізгі мемлекеттік қызметі болып меритократия болып табылады.

Меритократия, тиімділік, нәтижелілік, транспаренттік және қоғамға есептілік қағидаттарына негізделген мемлекеттік қызмет жүйесін кәсібилендіру мемлекеттік басқару жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін және халыққа сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етудің аса маңызды факторы болып табылады.

Меритократия – мемлекеттік қызметтің жеке еңбегіне лайық негізделген жүйе, ол өзіне келесі элементтерді қосады:

- мемлекеттік қызметке кіру және ауысу кезіндегі міндетті конкурстық іріктеу;
- мемлекеттік қызметтің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы;
- бірдей жұмысты атқаруына байланысты еңбек ақыны тең төлеу;
- өз қызметінде тиімді нәтижелерге жеткен мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру;
- қызмет нәтижелілігін жақсарту мақсатында мемлекеттік қызметшілерді үнемі оқыту [2].

Жалпы алғанда меритократия мемлекеттік қызметтегі адам ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған жүйе болып табылады.

Дәл осы қағидалар жаңа «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң мен заңдық актілер негізіне енген. Мемлекеттік қызметтің қазақстандық моделінде тек шетелдік тәжірибелер ғана емес, сонымен қатар, ұлттық дәстүр, басқару мәдениеті де есепке алынған.

Бірінші оң нәтиже мемлекеттік қызметшілердің саяси және әкімшілік қызметкерлер болып заңнамалық бекітіліп бөлінуі. Бұл саяси процесстердің мемлекеттік аппаратқа әсерін төмендетіп, әкімшілік қызметшілердің саяси қызметшілерге ауысуы барысында құқықтық қорғалуын қамтамасыз етеді.

Қазақстандық модельдің негізгі белгісі қызметке конкурстық іріктеу арқылы алынуы. Қазақстанда бастапқыда мемлекеттік қызметшілерді анкеталық мәліметтермен немесе таныстар арқылы қабылданса, ашық конкурстар ұйымдастыру қоғамдық өмірде айқын көріністі тауып отыр. Себебі біздің азаматтар мемлекеттік органдардағы бос орындар, мемлекеттік қызметшілердің еңбек ақысы қанша турасында анық ақпаратты біле бастады. Бұл өз кезегінде қоғамда қалып-

тасқан шенеуніктердің ауқатты тұруы туралы ойына елеулі өзгерістер алып келді.

Соңғы уақытта мемлекеттік қызметтегі еңбек қатынастарының тәжірибесіне персоналды басқарудың жаңа стилі белсенді түрде енуде (оны партиципативті стиль деп атайды), оның ерекше сипаттары – ашықтық, ақпараттық, сенімділік қатынастар, бағыныштыларға өкілеттікті делегирлеу. Адамның сыртқы және ішкі іс-әрекет себептерімен байланысты болып табылатын аталмыш стиль жетекші мен бағынушы арасындағы паритетті қатынастарға, олардың өзара қолдауы мен әлеуметтік өзара қарым-қатынастарға арналған.

Жаңа басқару стилімен қатар мемлекеттік қызметкерлердің іскерлік қатынастарының этикасында субординация қағидасымен қатар жүретін паритеттілік қағидасы бекітіледі. Іскерлік мәселелерді талқылау тиімділігіне талқылаған қатысушылар өз бағдарлары мен ойларын, көзқарастарын өзінің мәртебесі, лауазымынан тәуелсіз түрде білдіру барысында қол жеткізуге болатыны барлығына мәлім.

Қазіргі таңдағы іскерлік этикеттің негізгі қағидаларын білу адамға кез-келген стандартты емес жағдайда аса сенімділікпен бағдарланып, қоршағандардың оның тәрбиелілігіне күмән тудыратын қателіктер жасамауына (мәртебесін түсіретін) мүмкіндік береді.

Халықтың мемлекеттік аппаратқа деген көзқарасы мемлекеттік қызметтердің сапасымен және қолжетімділігімен байланысты екенін атап өту керек.

Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес, мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде корпустық вертикаль: мемлекеттік саяси қызметшілер, «А» басқарушылық корпусы және «Б» атқарушылық корпусы айқын көрініс табатын болады, яғни жаңа модельді қалыптастыру 2012 жылдан үш корпусқа негізделген мемлекеттік лауазымдардың жаңа тізілімін бекітуді көздейді.

Мемлекеттік саяси қызметшілер корпусына мемлекеттік саясатты қалыптастыратын, мемлекеттік басқару саласына (аясына) басшылық етуді жүзеге асыратын, тиісті саладағы мемлекеттік дамудың стратегиялық бағыттарын айқындайтын қызметшілер, сондай-ақ тағайындалуы саяси - шешуші сипатқа ие қызметшілер енгізіледі.

Мемлекеттік саяси қызметшілер корпусына мынадай лауазымдар: орталық мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдардың бірінші басшылары, олардың орынбасарлары, облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қаланың әкімдері және олардың орынбасарлары, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті

айқындайтын басқа да мемлекеттік лауазымдар енгізілетін болады.

Жаңа модельде мемлекеттік әкімшілік қызмет құрылымында мемлекеттік саяси қызметшілер қалыптастыратын саясатты іске асыруды және стратегиялық шешімдер қабылдау мен оларды орындау арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін «А» басқарушылық корпусы құрылатын болады. «А» басқарушылық корпусының әкімшілік лауазымдарына тағайындау тек қана кадр резервінен жүзеге асырылатын болады. Оны пайдалану тиімділігін қамтамасыз ету үшін Кандидаттың «А» корпусының кадр резервінде тұру міндеттілігін көздейтін құқықтық норма қарастырылатын болады.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде мемлекеттік саяси лауазымдар тізілімі қайта қаралып, мемлекеттік саяси қызметшілер саны шектелетін болады. Жауапты хатшы лауазымына тағайындалған адамның рөлі мен жауапкершілік дәрежесі нақты айқындалып, оны тағайындаудың ашық, транспарентті, сіңірген еңбегіне негізделген тетігі әзірленетін болады.

Мемлекеттік әкімшілік қызметтің «А» корпусына іріктеу өздерін кәсіби құзыретті және тиімді жұмыс істейтін қызметкерлер ретінде көрсеткен «Б» атқарушылық корпусына жатқызылған мемлекеттік қызметшілер қатарынан тұрақты рекрутинг негізінде жүргізілетін болады.

Сонымен қатар, қолда бар кадр әлеуетін кеңейту және мемлекеттік қызмет жүйесінің ашықтығы «әлеуметтік лифт» тетігі есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Осы тетік мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын, бірақ мемлекеттік ұйымдарда және жеке секторда басшы лауазымдарды атқаратын кәсіби даярлығы бар кадрларға «А» корпусының кадр резервіне енгізу үшін конкурстық іріктеуге қатысуға мүмкіндік береді.

Қызметшіні «А» басқарушылық корпусы лауазымына тағайындау және лауазымынан босату Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның шешімі негізінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен келісілетін болады.

Кәсіби және басқару дағдыларының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қызметшілерді ротациялауды жүргізу көзделеді.

Мемлекеттік қызметшілерді ротациялау жүйелі негізде мынадай: деңгейаралық («орталық – өңір, өңір – орталық»), өңіраралық («өңір – өңір»), сектораралық («орталық – орталық») схемалары бойынша жүргізілетін болады, бұл орталық мемлекеттік органдарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға кәсіби кадрлардың көптеп келе бастауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жұмыс істеп жатқан мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді басқарушылық корпусқа және атқарушылық корпусқа бөлу лауазымдық критерий бойынша жүзеге асырылатын болады (мемлекеттік қызметшінің қазіргі кезде атқаратын лауазымына сәйкес).

Мемлекеттік әкімшілік қызметтің «Б» атқарушылық корпусына атқарушы лауазымдардағы мемлекеттік қызметшілер («А» корпусына жатпайтын лауазымдар) кіретін болады.

«Б» корпусындағы мемлекеттік қызметшілерінің негізгі міндеті «А» басқарушылық корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің талаптарын сәйкес мемлекеттік саясатты іске асыру (атқарушылық қызмет) болады.

Үш корпусқа негізделген мемлекеттік лауазымдар тізілімін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін болады.

Жалпы, мемлекеттік қызметтің отандық үлгісін қалыптастыру мәселесін талдаудың нәтижесінде мемлекеттік қызмет пен кәсіби үкімет біздің еліміздің дамуының басымдығы мен факторы болып табылатындықтан, оларды реформалау, әрине, уақыт талабын ескереді деген қорытындыға келеміз және ол үзіліссіз жүріп отыратын процесс болып, тиімді өмір сүру қажеттілігімен түсіндіріледі [3].

Әдебиеттер

1. Мескон М.Х., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента: Пер. с англ. М.: Дело, 2000. С. 66-67.
2. «Персоналды басқару тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы» 2012 жылғы 16 қаңтардағы №02-01-02/9 ҚР Үкіметінің Қаулысы.
3. Иватова Л.М. Совершенствование механизма формирования кадрового резерва государственной службы и методов работы с ним. - Астана, 2012. - С. 20-21.

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Рахимбаева Ұ., Кинашева Ж.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Аймақтағы халықтың жақсы әлеуметтік жағдайы бүкіл елдің экономикасына оң әсерін тигізеді. Осы орайда табиғи - экологиялық

әлеует маңызды орынға ие. Қоршаған ортаның адамдардың тіршілік ету қабілеті мен өмір сүру сапасына әсер етуін сипаттайтын экологиялық экономика да әлеуметтік экономикаға жатқызылуға тиіс. Қызметі бірінші кезекте адамның, отбасының қажетін қанағаттандыруға бағытталған және әлеуметтік сұраныстарды көздейтін экономика әлеуметтік бағдарланған деп аталады. Жоғарыда айтылғандай, Шығыс Қазақстанның өнеркәсіптік өндірісі жақсы жолға қойылған, осыған орай экологиялық жағдайы өте ауыр екені айтпаса да түсінікті. Нашар экологияның салдарынан аймақтағы онкологиялық ауруларға шалдыққандар саны тым көп. Осы орайда, денсаулық сақтау мекемелерінің, яғни ауруханалардың жағдайын жақсарту өте маңызды. Дәрігерлердің ауруға шалдыққандарға адамгершілік тұрғысынан қарым-қатынасын жақсартса екен деген тілек бар. Экология, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік органдар бірлесіп, әріптестік қатынастарын жақсартса деген ұсынысымыз бар.

Әрбір адам тек өзінің еңбегі мен жинақтарының арқасында ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік көмек механизмдерінің көмегімен де қалыпты өмір деңгейін қамтамасыз етуге тырысады. Кейбір азаматтар тек қана осы әлеуметтік төлемдердің арқасында өмір сүреді. Әлеуметтік қорғау жүйесі мақсаттарының көпшілігі адамдардың табыстарының тұрақтылығын қолдау, медициналық көмек пен қажетті әлеуметтік қызметтерге деген тең қол жетушілік терді ұсынумен сипатталады.

Қазіргі нарықтық экономикадағы әлеуметтік басымдықтар. Әлеуметтік ортаның қаржылық ресурстардың шектеулі бойынша жағдайы және мемлекет функциясының өзгертуі халықты қолдау және әлеуметтік қорғау бойынша шараларды күшейту мақсатында әлеуметтік саясаттың басымдылықтарын дәліректеу және кезең бойынша мақсаттарды нақты анықтап алу қажет. Ұзақ мерзімді болашақта бұл – қазақстандықтардың өмір сапасы мен деңгейін индустриалды жағдайындағы қоғамдық стандартқа жақындату, орта мерзімді кезеңде – тұтыну стандартына және дағдарысқа дейінгі өмір деңгейіне жету, ал қазіргі жағдайда – әлеуметтік жарылысты болдырмау, әлеуметтік қауіпсіздік жағдайларды қамтамасыз ету.

Еліміздің орта мерзімді болашақтағы әлеуметтік саясаттың негізгі басымдықтары келесілер болып табылады:

- 1) жұмысбастылық аумағын кеңейтуге, жұмыссыздықты қысқарту және болашақ жұмыс орындарын сақтап қалуын, сонымен қатар, тұтынушылық және инвестициялық сұранымды белсенді болуға, өндірістің қайта жандануына қолұшын беру;

2) тиімді еңбек нарығының қалыптасуы, еңбек бағасының әділетсіз төмендеуін өткеру, ұлттық экономиканың өсуі бойынша оның деңгейін көтеру;

3) өмір сүру деңгейін жоғарылату халықтың мүлктік бөлінісін қысқарту, әлеуметтік кепілділік деңгейі мен жүйесін қалыптастыру (еңбекақы төлеу, зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы, медициналық қызмет көрсету);

4) әлеуметтік орта салаларының қызмет ету тиімділігін қайта қалыптастыру, дамыту және жоғарылату.

Аталған басымды бағыттарды жүзеге асыру бойынша негізгі шаралар келесілер болу керек.

Басқару тұрғысынан аймақтың экономикалық әлеуетін үш негізгі құрамдастарға бөлуге болады: табиғи - экологиялық, ресурстық - өндірістік, еңбек әлеуеті.

Табиғи - экологиялық әлеует жеке экономикалық бағалауға ие емес және аймақтық шаруашылық жүйесіне меншік ретінде қосылмайды, бірақ маңызды шаруашылық рөл (географиялық орналасуы, табиғи-климаттық факторлар, экологиясы және т.б.) атқарады. Бұл әлеуеттің негізгі элементтерінің сапасы ресурстық - өндірістік әлеуетті құндық бағалауға әсер етеді, онда көрініс табады және сондықтан аймақтың экономикалық әлеуетіне кіреді.

Ресурстық - өндірістік әлеует ақшалай бағаға ие және интеллектуалды меншікті қоса, меншіктің қандай да бір түрі ретінде көрінеді. Ол келесідей түрлерге бөлінеді:

- жер ресурстары, басқа ресурстық әлеует, оның ішінде экономикалық немесе әлеуметтік мәнге ие пайдалы қазбалар, орман және жасыл экономика, су ресурстары, өсімдік - жануарлар әлемі;

- экономикалық әлеует – өндірістік ұйымдардың, сонымен бірге өндірістік емес сфера бөлімшелері мен буындарының материалдық және материалдық емес активтері. Мүлкті бағалау оның сапалық жағдайын бейнелеуі тиіс – пайдалану үшін оның жарамдылық дәрежесі, яғни экономикалық әлеуеті;

- интеллектуалды әлеует – лицензия, патенттелген жаңа технология, жаңа өнім және басқа ғылыми-техникалық әзірлемелер түріндегі, сонымен бірге осы территорияда тұратын адамдардың авторлық және онымен аралас құқықтар түріндегі өнеркәсіптік және басқа интеллектуалды меншік;

- үй шаруашылығының әлеуеті – өндірістік және өндірістік емес мәнге ие үй мүліктері, оның ішінде халыққа тиесілі жылжымайтын мүлік.

Еңбек ресурстары қазіргі жағдайдағы жұмыс күшінің әлеуетті кө-

лемі ретінде аз рөл атқарады. Сонымен қатар босаған жұмысшылардың жұмысбастылықпен қамтамасыз ету, жұмыссыздықпен күрес мәселесі тереңдеуде, бұл өндірісті интенсивтендірудің тікелей салдары болып табылады. Сонымен бірге еңбек әлеуетінің басқа құрамдасы жылдам өсуде – жұмысшылардың деңгейі, олардың біліктілігі, шығармашылық қабілеті. Инновациялық экономикада адамның интеллектуалды және басқа шығармашылық қабілеттердің рөлі алмастырылмайтын рөл атқарады. Ар-ождан қасиеттері, еңбекке және өз міндеттемелеріне деген қатынасы, патриоттық сияқты адамның басқа жеке қасиеттерін де бағаламауға болмайды. Еңбек әлеуетінің бұл құрамдасын қандай да бір сандық бағалау болмайды. Шетелдік тәжірибеде мұндай бағалау жүргізіледі және интеллектуалды меншік түсінігіне кіреді [1].

Аймақтағы халықтың жақсы әлеуметтік жағдайы бүкіл елдің экономикасына оң әсерін тигізеді. Осы орайда табиғи - экологиялық әлеует маңызды орынға ие. Қоршаған ортаның адамдардың тіршілік ету қабілеті мен өмір сүру сапасына әсер етуін сипаттайтын экологиялық экономика да әлеуметтік экономикаға жатқызылуға тиіс. Қызметі бірінші кезекте адамның, отбасының қажетін қанағаттандыруға бағытталған және әлеуметтік сұраныстарды көздейтін экономика әлеуметтік бағдарланған деп аталады. Жоғарыда айтылғандай, Шығыс Қазақстанның өнеркәсіптік өндірісі жақсы жолға қойылған, осыған орай экологиялық жағдайы өте ауыр екені айтпаса да түсінікті. Нашар экологияның салдарынан аймақтағы онкологиялық ауруларға шалдыққандар саны тым көп. Осы орайда, денсаулық сақтау мекемелерінің, яғни ауруханалардың жағдайын жақсарту өте маңызды. Дәрігерлердің ауруға шалдыққандарға адамгершілік тұрғысынан қарым-қатынасын жақсартса екен деген тілек бар. Экология, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік органдар бірлесіп, әріптестік қатынастарын жақсартса деген ұсынысымыз бар.

Қазақстан Республикасындағы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармалары мемлекеттік мекемелерінің негізгі міндеттері ретінде келесілерді көрсеттік:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында тұратын нысаналы топтарды және оларды қорғау жөніндегі әлеуметтік шараларды жыл сайын анықтап отыру;

2) еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру, оның орындалуын үйлестіру, әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;

3) жұмыссыздық деңгейін азайту және кедейшілік ауқымын келтіру, еңбекақы төлеуді жетілдіру бағытындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөнінде шаралар алу;

4) халықты әлеуметтік қорғау, мүгедектерді және олардың отбасы мүшелерін, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды қажет ететін тұрғындардың басқа да тобын қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

5) әлеуметтік әріптестік саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

6) республикалық және аймақтық деңгейде әзірленетін әлеуметтік нормативтер мен стандарттар, әлеуметтік бағдарламалар жобаларына ұсыныстар енгізу;

7) Басқармаға Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және облыс әкімі мен әкімдігінің актілерімен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

Басқарма өз құзыреті шегінде және заңнамаларда белгіленген тәртіппен төмендегідей қызметтерді жүзеге асырады:

1) әлеуметтік-еңбек салаларында болып жатқан процестерді талдайды, істің жәй-күйі туралы қорытынды құжаттар даярлайды және ахуалды болжайды;

2) әлеуметтік бағдарламалардың іске асырылу барысы туралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне және облыс әкімі аппаратына ақпараттар береді;

3) соғыс және еңбек ардагерлері мен жалғыз басты егде адамдарды, мүгедектерді және тағы басқа әлеуметтік жағынан осал санаттағы азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

4) мүгедектерді арнаулы қозғалу, тифло-сурдо техникалық құралдармен, протездік-ортопедиялық бұйымдармен және санаториялық-курорттық емдеумен қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырады;

5) бағыныстағы мекемелердің (медициналық-әлеуметтік мекемелері, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға үйден әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері, қарттар мен мүгедектерге үйден әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелері) жұмысына әдістемелік немесе тәжірибелік көмек көрсетуді ұйымдастырады;

6) облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқа мерзімді жоспарын әзірлеуге қатысады;

7) облыс халқының әлеуметтік әлжуаз топтарына және аз қамтамасыз етілген бөлігіне әлеуметтік көмек көрсетуге қатысты Қазақстан Республикасының Заңдарын және нормативтік актілерін орындау барысында уәкілетті органдарға әдістемелік және тәжірибелік көмек

көрсетеді;

8) еңбек рыногы және бос орындар бойынша аймақтық дерекқор базасын құру негізінде жұмыс күшіне сұраныстар мен ұсыныстарға болжау және талдау жасайды, еңбек рыногының жәй-күйі туралы халыққа, жергілікті атқарушы органдарға, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне ақпараттар береді;

9) еңбек рыногы және бос орындар бойынша аймақтық дерекқор базасын құру негізінде жұмыс күшіне сұраныстар мен ұсыныстарға болжау және талдау жасайды, еңбек рыногының жәй-күйі туралы халыққа, жергілікті атқарушы органдарға, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне ақпараттар береді;

10) жұмыс орындарын ашу, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, жұмыссыздарды кәсіби даярлау және қайта даярлау, еңбекке орналас-тыруға жәрдемдесу, жұмыспен қамту мәселелері бойынша ақпараттық дерекқор базасын құру және қолдау мәселелері енгізілген жұмыспен қамту бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесетін басқа да іс шараларды жүзеге асыруды үйлестіреді;

11) инвестициялық бағдарламалар бойынша ұсыныстарды қараған кезде еңбек рыногының жағдайын ескере отырып, қосымша жұмыс орындарын ашу қажеттілігі туралы ұсыныстар әзірлейді және енгізеді;

12) әлеуметтік және еңбек қатынастары саласында әлеуметтік әріптестік жүйесін реттеу жөнінде ұсыныстарды қорытады және әзірлейді;

13) әлеуметтік әріптестік жөніндегі облыстық, қалалық (аудандық) комиссиялар арқылы аймақтық деңгейдегі әлеуметтік әріптестіктің міндеттерін шешу жолдарын үйлестіреді;

14) Қазақстан Республикасы халықтың әлеуметтік осал топтары мен еңбек рыногы бойынша жүйелендірген ақпараттық дерекқорларын қалыптастырудың ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

15) жергілікті және республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың әкімшісі қызметін атқарады;

16) бірлескен міндеттерді шешу мақсатында басқа да жергілікті және аумақтық органдары, кәсіпорындар және қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасайды;

17) мемлекеттік тілдің дамуын қамтамасыз етеді;

18) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен өзіне жүктел-

ген басқа да қызметтерді орындайды.

Осы орайда жоғарыда аталған мемлекеттік мекемелерге экологиялық жағдайды жақсарту бойынша экологиялық басқармалар мен департаменттер органдарымен қызметтік қатынасты нығайту өте маңызды [2].

Әдебиеттер

1. Бопиева Ж.К. Қазақстан Республикасы экономикасын жаңарту әдістемесі. – Қарағанды, 2005.
2. Сулейманова Г.В. Трудоустройство и занятость. - М., 2001.

ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ АПК КАЗАХСТАНА

Локотко А.В., Жанабаева А.С.

Колледж ВКГТУ им. Д. Серикбаева, Усть-Каменогорск, Казахстан

В Послании главы государства «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» отмечено, что «аграрный сектор должен стать драйвером экономики... необходимо пересмотреть принципы выделения субсидий и постепенно переходить на страхование продукции; в течение 5 лет нужно создать все условия для объединения более 500 тысяч домашних хозяйств и малых фермерств в кооперативы; создать эффективную систему хранения, транспортировки и сбыта товаров; повысить уровень производительности труда и снизить производственные расходы» [1]. Это возможно только при условии обеспечения инновационно - технологического развития АПК.

Но на современном этапе в агропромышленном комплексе Республики Казахстан существуют общесистемные проблемы, среди которых можно отметить следующие:

- отсталость агротехнологий, физическая и моральная изношенность основных средств производства;
- сверхнормативные потери поливной воды, неразвитость товарного рыбоводства, а также неэффективное использование других видов природных ресурсов;
- мелкотоварность сельскохозяйственного производства;
- низкий уровень генетического потенциала используемых семян и скота;
- нехватка качественного сырья для промышленной переработки

и низкая доля отечественной продукции глубокой переработки на внутреннем рынке продовольственных товаров;

- наличие важнейших продуктов питания, по которым не удовлетворяются внутренние потребности страны.

Помимо общесистемных проблем, отмечается наличие сдерживающих темпы инновационного развития АПК проблем, таких, как:

- необеспеченность научных организаций современной научной и материально-технической инфраструктурой. На сегодняшний день основная часть зданий и сооружений (71,1%) находится в эксплуатации свыше 30 лет и 22,1% - свыше 20 лет, подлежит списанию 71,4 % всей имеющейся сельхозтехники;

- ограниченность финансовых ресурсов на проведение научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ;

- низкий уровень конкурентоспособности научных продуктов и технологий на международном научном рынке. Из-за отсутствия финансовых ресурсов слабо осуществляется стажировка молодых специалистов в ведущих зарубежных научных центрах, не проводятся совместные международные научные исследования, не реализуются меры по привлечению ведущих зарубежных ученых;

- отсутствие эффективного механизма закрепления, мотивации и социальной поддержки молодых научных кадров в отечественной аграрной науке, которое привело к ухудшению социального статуса (снижению авторитета ученых в обществе) ученого и разрыву преемственности поколений ученых;

- низкий уровень оплаты труда в сельском хозяйстве;

- нехватка квалифицированных кадров из-за отсутствия эффективных методик прогнозирования потребности в кадрах, недостаточного выделения государственных заказов на подготовку аграрных кадров и низкого уровня трудоустройства выпускников сельскохозяйственных специальностей и т.д.

Инновационное развитие АПК означает его качественное преобразование, достигаемое за счет роста производительных сил при одновременном совершенствовании организационно-экономического механизма сельского хозяйства, взаимодействующих с ним отраслей и АПК в целом. Оно обеспечивается постоянно расширяющимся использованием более совершенных технологий производства и переработки сельскохозяйственной продукции, улучшенных сортов сельскохозяйственных культур и пород животных, новых машин, прогрессивных организационно-экономических моделей, современных информационных технологий и других нововведений.

В агропромышленный комплекс страны входит около 65 секто-

ров и подсекторов. Для конкретизации мер по наиболее перспективным направлениям и усилению специализации регионов на основе детального анализа данных секторов и подсекторов агропромышленного комплекса было отобрано 15 перспективных, конкурентоспособных секторов. К ним относятся: производство, экспорт зерна и продуктов его глубокой переработки, производство и экспорт мяса и мясопродуктов, птицеводство, производство и переработка масличных культур; производство и переработка плодоовощной продукции; производство молока и молочных продуктов, производство белого сахара из сахарной свеклы, производство и экспорт шерсти и продуктов ее глубокой переработки, развитие аквакультуры и переработки рыбной продукции; производство и переработка свинины, развитие коневодства мясного и молочного направлений, с дальнейшим производством готовой продукции, развитие верблюдоводства и продукции его переработки, развитие мараловодства для удовлетворения потребностей фармации, развитие пчеловодства для удовлетворения внутренних потребностей населения и фармации, производство и переработка хлопка.

Ақын шығармашылығын ғылыми зерттеумен қатар, Су Чжоу Сюнь Абай шығармаларын қытай тіліне де аударды. Акбал деген ақынмен бірлесе отырып, 1995 жылы Абайдың туған күні қарсаңында «Қара сөздер» шығармасын аударып, күллі Қытай халқына тарту етті. Осыдан кейін Су Чжоу Сюнь Қазақстанда ұйымдастырылған ғылыми конференциялар мен іс-шараларға қатысып, Абай шығармашылығына қатысты диссертация жұмысын қорғайды. Осылайша бүгінгі таңда Су Чжоу Сюнь бастаған «Қытайлық абайтану» саласының барын атаған дұрыс. Ғалым Мұхтардың қаламгерлік жолына баға бере отырып: «Әрине өзінің басқа шығармашылығы мен зерттеулерінің арқасында Мұхтар Әуезов өз елінің әдебиетінде белгілі бір орын алар еді. Алайда, «Абай жолын» жазбаса, әлемдік даңққа бөленер ме еді?!» - дейді.

Абайды тақырып еткен тағы бір шетелдік Шығыс зерттеушісі – фольклор тарихы мен түрік әдебиеті бойынша көптеген басылымдардың авторы, ғалым - филолог Али Аббас Чинар. Қазіргі кезде ол түріктің Мугла қаласындағы университеттің қазіргі түркі әдебиеті кафедрасының доценті болып табылады. 1986 жылы ол Хаджеттеп қаласындағы университеттің қасындағы Гуманитарлық ғылымдар институтында фольклористика мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алды. 1995 жылдан бері Мугла қаласында оқытып, 1996 жылы доцент атағын алды. Али Аббас Чинар Түркияның Адияман, Аксарай, Анкара, Балыкесир, Баубурт, Бурса,

Чорум, Эрзурум, Гюмюшхане, Кыршехир, Конья, Малатья, Мугла, Йозгат, Зонгулдак секілді қалаларында сзерттеулер жүргізген. «Қазақ мәдениеті мен әдебиетін зерттеу» атты монографиясынан басқа, ол 1993 жылдан бері Қазақстан мен Түркияда жарыққа шығып жатқан қазақ әдебиетінің классиктері туралы көптеген монографиялардың авторы болып табылады.

Өз еңбегінде Али Аббас Чинар қазақтың бай фольклорымен танысу түркі халықтарының ортақ бай қазынасы ретінде өте маңызды екенін атап көрсетеді. Және ол өз зерттеулерін қазақ әдебиетін зерттеудегі тек кішкентай ғана үлесі екенін мойындап, бұл жұмыста оған көмек көрсеткен Ш. Ибраевқа, А. Нысанбаевқа, М. Жармұхамедұлына, С. Қасқабасовқа, К. Кусаиновқа, Ж. Дәдебаевқа, К. Алпысбаевқа шексіз алғысын білдіреді. Монографиясындағы зерттеу нысаны ретінде шетелдік оқырмандар мен шығыс әдебиеті бойынша мамандар үшін тарихи-танымдық әрі ғылыми құндылық болып саналатын Абай, Мұхтар мен Жамбылды алады. Әр қаламгердің өмірбаянымен түрік оқырманын қысқаша таныстыра отырып автор Абай шығармашылығындағы орыс мәдениеті мен Еуропа лирикасының орнын ерекше атап көрсетеді. Ақынның шығармашылық тақырыбы ақиқат, әділет пен теңдік, сұлулық пен рухани ізденіс, табиғат, халықтың өмір сүру салты, қазақтың тарихы мен тілі, салт-дәстүрі болып табылады дейді. Абай өз халқын сүйеді, сүйе отырып, сынға алады. Өзінің әрбір шығармасында ақын халқын ынтымаққа, білімге, әрекетке шақырады. Түрік ғалымы ол туралы былай дейді: «Өзін – өзі жоғалтқан ақсүйектер, халықты алдаған молдалар, ғылым мен техникалық прогресске мән бермейтін білімсіздер өздеріне қаратылып айтылған әділ сынның бір пұшпағына ілінді. Өз халқын керек кезде сынға алуға ұялмаған Абай бұл жерде өзін халыққа жол сілтер ұстаз, шындықтың мәнін танытатын ақсақал ретінде көрсетті» [3, 159 б.].

Абай шығармашылығында екі кезеңде анықтай отырып (біріншісі – шәкірттік кезі, 1881 жылға дейін, екіншісі – ақындық шеберлігінің өсіп, сөз мәнін түсінген кезі), автор тілдің құндылығын тек шынымен ойшыл тұлға ғана түсінетінін ерекше атап көрсетеді. Абайды бағалауда ғалым әруақытта оның шығармаларынан дәйексөздерге нұсқап отырады. Али Аббас Чинар Абайдың шығармашылығында достықтың орны ерекше екенін көрсетіп, адам өзімен де, өзінің екінші жартысымен де, отбасымен қоғаммен де дос болу керек дегеніне сілтейді. Абай үшін ең бастысы – өз еңбегімен табылған биіктік пен бүкіл адамзатқа тигізе алар пайдасы.

Абайдың қазақ халқының жеті қазынасының бірі жүйрік атқа берген бағасын түркі әдебиетінде де кездесетін үрдіс дейді. Табиғат

лирикасына келетін болсақ, Абай оны тірі, өзгермелі материя деп береді. Али Аббас Чинар бұл жерде түрік ақыны Ахмет Хашиммен ұқсастықты табады. Екі ақында да аңға шығу күрделі өнер ретінде бейнеленген. Али Аббас Чинардың пікірінше, Абайдай данышпанмен барлық түркі халықтары жақсы таныс болуы керек.

Монографиясындағы Мұхтар Әуезовке арналған бөлімінде автор Абайдың тұлғасына әлі сан рет оралады. Және осының барлығынан ол ақынға деген сүйіспеншілігі мен құрметін көрсетіп отырады [3, 449б.].

Ендігі кезекті Николай Аркадьевич Анастасьевтің шығармашылығына берген жөн. Нақтырақ айтатын болсақ, Николай Аркадьевич Анастасьев шығармашылығындағы Абайға арналаған тұстар. Ғалым – бүгінгі таңдағы орыс әдебиетіндегі ең танымал, білікті де білімді әдебиет зерттеушілерінің бірі. Ол М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

XX ғасырдағы америка әдебиетінің маманы ретінде Н.А. Анастасьев 20-дан астам монография, мыңнан астам мақалалар жазған ірі ғалым. Ол өз еңбектерінде әлем әдебиетінде шығармаларды іріктеп, соларға терең талдаулар жасайды.

Қаламгердің кітаптары Ресейде ғана емес, АҚШ пен Еуропаның көптеген елдерінде жарық көрген. Солардың ішінде «Феномен Набокова», «Творчество Эрнеста Хемингуэя», «Уильям Фолкнер» атты зерттеулері әлемдік әдебиеттанудың шоқтықты шығармалары саналады.

Н.А.Анастасьев кейінгі жылдары қазақ әдебиетіне айрықша ден қойып, «Небо в чашечке цветка: Абдижамал Нурпеисов и его книги в мировом литературном пейзаже» атты монография жазған. Сөйтіп, біздің ұлттық әдебиетімізге ерекше қызығушылық танытып, Мәскеудегі «Молодая гвардия» баспасынан, «ЖЗЛ» сериясымен «Ауэзов», «Абай» атты кітаптар шығарды. Көріп отырғанымыздай әлемдік классиктерді зерттеумен айналысқан Николай Аркадьевич Анастасьевтің қаламына Абайдың ілігуі де оны дүниежүзінің асыл қазынасына қосуының дәлелі. 2010 жылы «Абай. Самғау салмағы» атты кітабын отандық аударма әдебиетінің классигі, профессор Жұмағали Ысмағұлов тамаша тәржімалаған болатын. Алты тараудан тұратын бұл кітапта зерттеуші Абайдың шығармашылығына әсер еткен сол кездің өмір сүру салты мен саясаты, халықтық фольклор, әлем әдебиетінің жауһарларын нысанға алып қарастырады. Сонымен Николай Аркадьевич Анастасьевтің кітабы келесідей бөлімдерден тұрады: «Шет аймақтардың мифологиясы», «Өзінің киіз үйінде», «Өзінің Даласында», «Өзінің Шығысында», «Өзінің Батысында», «Өзінің Ев-

ропасында». Осындай тақырыптарға бөлуді автор: «Тау жоталары Шыңғыстау аталады. Бір есептен ол Тянь-Шань, Орал, Альпы, керек десеңіз, Американың Жартасты таулары деп аталуы да мүмкін еді. Қазақстанның солтүстік-шығыс жағындағы Жидебай ауылынан тартылған желі бірде ашық, бірде жасырын түрде басқа бір замандарға, тіпті алыс-алыс қияндарға қарай, кейде тіпті сол Даладан талай мыңдаған шақырымдарға созылып кетеді. Абайдың өлеңдері, философиялық қара сөздері сияқты сан түрлі қосалқы ойларға жетелейді - ұсынылып отырған кітаптың уақыт жүйесіндегі кейбір тіркестер мен құрылымындағы үздік - создықтар, бәлкім, сондықтан да болар», - деп түсіндіреді [4, 5 б.]. Н. Анастасьев кіріспе сөзінде ақынның халық өмірі мен тарихындағы ауыр тағдырын өлең жолдары арқылы көрсетеді:

«Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да...

Бұл жай жаза салған өлең жолдары емес, бұл - тағдыр, дұрысын айтқанда, болашақ тағдырды сезінуі, өйткені өмірінің таусыншақ ниеті әлі алыста болатын, алда әлі жиырма жылдай өмірі қалған-ды. Әрине, мұндай жалғыздық - қасірет және бақытсыздық. Бірақ айтуға ауыз бармайды, мұндай қасірет болмаса, мұншалықты орасан зор тұлғалы ағартушы - ақын да болмас еді. Есесін қайтару заңының нәтижесі. Абай өз замандастары арасынан дос таба алған жоқ, бірақ ол бөгделік бөгеттер мен таптық алауыздық дегенді білмейтін әлемдік мәдениет әуенінен өзіне достарды тапты» [5, 5 б.].

Еңбегін не өмірбаянға, не әдеби - сын очеркке жатқызбаған қаламгер «сонда бұл не?» деп өзіне де, оқырманға да сұрақ қояды да: «Ең дұрысы - оның суреті немесе тіпті жай ғана нобайы, өткен ғасырлардағы әдеби - қоғамдық өмірге қатысушы адамдардың өз болмыстары мен сырттай тартылғандарының толқымалы тобының баршасына ортақ байғазы», - деп жауап береді.

Әдебиеттер

1. Машакова А.Қ. Казахская литература в современной зарубежной рецепции: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. - Алматы: Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова, 2008.
2. Мәсімханұлы Д. «Абай жолы» эпопеясының қытай тіліне аударылуы // Жұлдыз, 1997. - №9. - Б. 109-111.
3. Мир Абая. Международные связи казахской литературы. - Алматы: Международный клуб Абая, 2004.
4. Анастасьев Н. Абай. Самғау биігі. - Алматы: Аударма, 2010.

5. Сәтбаева Ш.Қ. Бес томдық шығармалар жинағы. Т 1. - Астана: Елорда, 2007.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СИПАТЫ

Едильбаева Г.Б., Мейраш М.

Қазақстан–Американдық еркін университеті, Өскемен, Қазақстан

Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі – фразеологиялық қордан ерекше байқалады. Өйткені қазақ фразеологизмдері – халық өмірінің айнасы. Бұл айнада ұлт менталитеті көрінісі тұтастай камтылды десек, асыра айтпағандық. Осыған байланысты фразеологиялық тіркестердің шығу тәркісіне байланысты екі түрлі пікір айтуға болады: 1) фразеологиялық тіркес – белгілі бір озық ойлы, парасатты, сөзге шешен, халық өкілдерінің өмірден алған тәжірибесінің немесе нақты бір оқиғаға, іске қатысты айтылған ой-тұжырымдарының қорытындысы; 2) жесір дауы, құн дауы тәрізді келелі кеңестерде шешендердің айтқан биліктерінің уақыты өте келе ықшамдалып, өңделіп жеткен үлгілері. Олар жылдар бойы халық жадында сақталып, жатталып бірте-бірте қолдануға даяр тілдік құралға, халықтық ортақ мұраға айналған.

Тілдегі фразеологизмдердің жасалуына сан түрлі құбылыстар, ұғымдар, түсініктер себеп болған. Солардың бастылары мыналар:

1 Көптеген фразеологизмдердің жасалуына адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы бейнесі негіз болған. Мысалы, сары қарын бие деп 8-9 жастағы биені айтса, мағына дами келе сары қарын бәйбіше деп адамға қатысты айтыла бастаған. Сол сияқты ағынан жарылды, аузынан ақ май ағызды деген фразеологизмдердің жасалуына да, сөз жоқ, адам ойында қорытылған құбылыстардың нақтылы бейнесі себеп болғандығын танып білуге болады.

2 Бірқыдыру фразеологизмдер өлшемдік ұғымдардың негізінде пайда болған. Мысалы, қас қарая, қызыл іңірде, ала жаздай, ақ қар, көк мұзда, ұзын сарыда т.б.

3 Бірсыпыра фразеологизмдер діни ұғымдар мен ескі әдет-ғұрыптарға байланысты жасалған. Мысалы, оқ жауып, арулап көмді, қара жамылды, қарасын алды т.б.

4 Кейбір тұрақты тіркестердің жасалуына аңыздар мен өткен тарихи оқиғалар негіз болған. Мысалы: жеті атасынан қара көк үзілмеу, шынжыр балақ, шұбар төс, қара нар, қалы кілем, қой үстіне боз торғай жұмыртқалады, ақ табан шұбырынды т.б.

Сонымен, фразеологизмдердің көпшілігі – халқымыздың тари-

хын, салт-дәстүрін, адамгершілік заңдылықтарын, кәсібі мен тұрмыс-тіршілігін, мінез-құлқын, ой-жүйесін бейнелейтін ең қысқа формадағы болмыс пен тұрмыс ережелері немесе мәдениет тілі болып табылады.

Ал “мәдениет тілі” – семиотикалық жүйелерде сақталады. Бұл ретте ұлт мәдениеті оның ғылымында, өмірінде, дінінде тіл арқылы танылады десек, онда фразеологиялық материалдар ұлттық мәдени маңызы бар деректерден тұрады. Бұл деректердің түп төркіні, таралу шығу көзі фразеологизмдердің тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты. Фразеологизм белгілеріндегі мағына тұтастығы, қолдану тиянақтылығы, даяр қалпында қолданылу тұрақтылығы арқасында ұлт тілінде ұрпақтан-ұрпаққа жетіп сақталуда әр фразеологизмдерде мәдени ақпар беретін дағдылы қалыптасқан дүниетаным, ұлт ерекшелігі аңғарылады. Осындай ұлттық мәдени ерекшеліктерді қамтитын тұрақты тіркестерді талдап түсіндіру үшін оның ұлттық мәдени негізіне сүйену керек. Әр ұлттық мәдени ағымындағы тілдік құбылыстар тамырланып, қалыптасуы үшін оның көптеген алғышарттары мен салалары болу керек.

Ұлт мәдениетін өзінің тіл әлемінде қарастыру – қазақ тіл білімінде негізгі зерттеу бағыттарының бірі ретінде жолға қойылған. Бұл бағыттағы зерттеу жұмыстары М. Копыленко, Ж.А. Манкеева, Г. Смағұлова, Қ.С. Дүсіпбаева, Ә. Қайдаров, Е. Жампейісов еңбектерінде көрініс тапқан.

Ал жеке нақты, мәдени салалар бойынша ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, этикалық, эстетикалық, саяси, адамгершілік, руханилық, тұрмыстық қағидалар мен заңдылықтарды тілдік құралдар арқылы жеткізуді зерттейтін тіл білімінің бағыты – лингвомәдениеттану. Осы тұрғыдан лингвомәдениеттанудың ең негізгі мақсаты-ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтайтын тіл ғылымының бір саласы.

Лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың теориялық арқауы, зерттеу нысаны мен мақсатының өзектес, тамырлас екені дау туғызбайды, және осы қатынасты жалпы мен халқының, бүтін мен бөлшектің байланысы іспетті деп қарауға болады. Нақтырақ айтсақ, этнолингвистиканың зерттеу нысаны – этнос болмысын тұтастай танытатын “тіл әлемі”. Осы қағиданың құрамдас бөлшектерінің қатыстылығы мен үйлесімділігінің сипатын анықтау мақсатына қарай зерттеушілердің “этнолингвистика” деп аталатын “тіл әлемінің” тұтас шеңберін жеке-жеке салаларға бөліп қарастыруы этнос болмысының белгілі бір жақтарын көрсеткенімен, тұтас бейнесін айқындай ал-

майды. Этнолингвистикамен сабақтас этнос болмысының сан түрлі қырын зерттейтін ғылымдарды академик Ә. Қайдар екіге бөледі[1, 86 б.]:

1) этнос тіліне жалпы қатысы бар (мәдени, мәдениеттану, этнография, этнология, өлкетану, фольклористика, мифология, педагогика, дидактика т.б.) ғылымдар; 2) этнос тілінің тілдік табиғатын айқындауға тікелей қатысты ғылымдар (мәселен, этимология, диалектология, ономастика, фразеология, терминология, лексикография, этнолингвистика, психоллингвистика т.б.). Демек, бұл екі топтағы ғылым салаларын этнолингвистикамен байланыстыратын, этнос болмысын танытатын тілдік дерек көздерінен көреміз. Міне, осындай сабақтастықтың бірі – этностың мәдениетін таныту мүддесін көздеген мәдениеттанумен сабақтас лингвомәдениеттану саласы.

Тілші А. Сейілхан атаулы сала туралы мынандай анықтама тұжырымдайды [2, 89 б.].

Лингвомәдениеттану – этнос мәдениеті мен сол тілде сөйлеуші халықтың лексикасының мәдени тілдік деректерін сипаттайтын, жұрт мәдениетін өз лексикасы арқылы басқа этносқа танытатын, ұлттық рух пен ұлттық тілдің туын көтеретін, халықтың тіл байлығын тек болмысы арқылы өз тұғырына жеткізіп келешекке танытатын, тілдік деректерді ұлттық нышанда жарата да жарқырата да алатын, этнолингвистика пәнімен ағайындас ұлттық рух пен тіл арасында өзіндік жолы бар, тілді мәдениет арқылы танудағы бітімімен басқа тіл ғылымдарынан ерекшеленетін, қоғамдық-әлеуметтік, эстетикалық, философиялық сипаты бар кешенді пән. Тіл мен мәдениеттің тоғысуында пайда болған лингвомәдениеттану деректері тіліміздегі тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін келтірген фразеологиялық сипатында ерекше танылады. Осы тұрғыда фразалық тіркестердің мәдениет пен тіл категориясына қаншалықты қатысты екенін былайша байқауға болады. Ол фразеологизмдердің мәдени ақпар көздерінің түсініктері қандай мәдени негізде пайда болып, жасалынады деген сауалдарға мынандай ғылыми негіздер ұсынады:

1 Қазақ халқының ең маңызды мәдени ұлттық ерекшеліктерінің бірі жан-жақты қамтылған дәстүрлі мәдениет үлгілеріндегі дағдылы ұлттық рәсімдері. Халық ұғымында мұндай ұлттық рәсімдер түрлерінің әбден сақталып қалғандығы ғана бүгіндері ұлт төлқұжатымдай көрінеді және өзге ұлттардан бөлек мәдени айырмашылықтарын айқындайды.

Ұлттық рәсімдерге әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер жатады. Қай ұлттың болмасын өзінің өмір сүрген дәуіріне қарай, күн-көріс тұрмыс-тіршілігі, сол ұлтқа ғана тән әдет-ғұрыптары мен салт-дәс-

түрлері, мәдениеті бар. Ежелден келе жатқан қазақ ұлтының да бұрыннан қалыптасқан көне мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігінің бізге жеткен үлгілері сан түрлі. Күні бүгінге дейін жер бетіндегі басқа ұлттардан жарытып көрсететін қазақтың салт-дәстүрі туралы айту – қазақтар туралы айту деген сөз. Қазақтар өмірінің сан ғасырлық тарихы әдетте ана тілімен тығыз байланысты. Барлық өмір салты туған тілінде әр түрлі номинативті атауларынан әсіресе фразеологизмдерінен көрініс тапқан. Мысалы, құда түсу рәсімдері, үйлену тойы, ас беру т.б. толып жатқан ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып түрлерінің атаулары тілде сақталмаған болса, онда рухани мәдениет үлгілерінің мазмұны да кеми бермек. Еншісі бөлек – енді басқа – бұрынғы уақытта малға таңба салынып, ержеткен азамат балаларына арнап тиісті мал-мүлік үлесін бөлу. Қаза салты бойынша енші ұл балаларға бөлінеді. Осыдан әрі қарай енші алу (беру) тіркесі - өзіне тиісті сыбағасын алу (беру) мағынасында айтылады.

2 Фразеологиялық материалдардың мәдени деректері түсінігіне жататын қазақ тіліндегі ұлан-ғайыр паремиологиялық қор мақал-мәтелдер. Мұнда халықтың ғасырлар бойы өмірден түйілген өзіндік ақыл-ойы, парасат танымы, өмірлік түрлі қағидалары мен философиясы жатыр. Біз бұл деректер түсінігін фразеологизмдерді кең мағынада түсінуді жақтайтындықтан қосып отырмыз. Жалпы қазақ мақал-мәтелдер мәдениет тұрғысынан зерттеліп, өз бағасын әлі алған жоқ. Күні бүгінге дейін қазақ мақал мәтелдері тек тағлым тұрғысынан ғана талданып келеді. Ал ондағы халық жарналығынан басқа да сол ұлт менталдылығына аз сөзбен көп түйін жеткізген тіркестер ұлт тілінің ерекшелігі ретінде әлі танылған жоқ.

3 Образ эталонға айналған тұрақты теңеулер тіркесі ұлттық мәдени өмірінен хабардар етеді. Мысалы бес биенің сабасындай – толық етженді, үлкен; қойдай өргізіп, қозыдай көгендеу – дегеніне көндіріп отыру; ботадай боздау – қатты жылау; қасықтай қаны қалғанша - өмірінің ақырғы сағатына дейін; айрандай ұйып отыру - өте тату; киіктің асығындай – кішкентай, сүйкімді; аюдың өтіндей – қасиетті зат ретінде бағалау, құдасын құдадай сыйлау т.б.

4 Фразеологизмдердің мәдени ұлттық түсініктер дерегінің тағы бір қайнар көзі – тілдегі саз символдар, символдық мән алатын сөздер мен сөз тіркестері. Әдетте мәтін ішіндегі тілдік символды аңғаруға, түсінуге, бағалауға көкірек көз керек.

Мәселен қазақ ұл жағынан ең жақын адамын бауырға балайды. Жүрек бауырдан да кем емес, ең қажетті орган, бірақ жүрегім емес, бауырым деуіндегі символдық мағына бауыр санатизмінің ерекшелігіне байланысты болып отыр. Мұнда бауырдың бүйрек, өкпелердей

емес, жалқылығы мен организм үшін қан жасаудағы рөлі бағаланған. Сонда жоғарыдағы фразеологиялық тіркестердегі атаулар метафораланып тұрған жоқ, керісінше сөз символдың мағыналары сақталып тұр.

Сонда заттардың символдық қызметінің көмегімен тілдік белгілердің атымен символға айналуы фразеологизм жасауда астарлы ойдың, тұспалдың тағы бір көмескі қыры ашылады.

5 Қазақ дүниетанымындағы діннің рөлі, дінге қатысты ой толғамдар, оның адамгершілік, адамды сүю, құрметтеу, мораль, этика үлгілерін танытатын сөз тіркестері фразеологиялық материалдардың деректерін қамтиды. Қазақтар ислам дініне сенеді. Дін жолын ұстаған қазақтар ислам дінінің сунниттік ережелерін қабылдаған. Оған дейінгі шаман дінінің жерінен қазақ мифологиясында ертеден келе жатқан нанымдардың белгілері сақталған. Мәселен “Көк” түсті қазақтар ерекше пір тұтқан. Тіпті әулие, хан, атақты адамдар мазарлары мен күмбездер төбелері көк түспен (бирюза) болған. Ал “көк соққыр”, “көк келсін” деген қарғыс мәнді фразеологизмдері – “Алланың қаһары тисін” деген мағынада қолданылған. Осы орайда “көк” түсіне байланысты рухани тұрмыстың көрінісі:

“Көк қасқа сою” (атау) – құрбандық шалу, отқа май құю; т.б. культ ұғымдары діннің әдет-ғұрыптың жоғын көрсетеді. Мұндай культ түрлерінің (культ латынша “cultus” – сыйлау, құрметтеу) мазмұндық сипаты ұлттың сөйлеу тілінде орын алып, кейінгілерге мұра боп жетеді. Діни наным сенімнің, дүниетанымның материалдық мазмұны халықтың рухани мәдени өмірлік сипаттайтын сөздер мен тұрақты тіркестері қазақ тілінде көптеп кездеседі. Бұл фразеологизмдер арқылы тілді жасаушы халықтың бір кездердегі ой санасының, жан дүниесінің, сәулесі деп түсіну керек. Қазақ тілінде адамдар бір-біріне жақсы тілек айтқанда қалыптасқан тұрақты тіркестері құдай атымен көп кездеседі. Құдай жарылқасын! Құдай сәтін салсын! Алла жар болсын! Құдай тілегінді берсін! т.б.

6 Қазақ фразеологизмдері мәдени деректерінің тағы бір үлкен саласы ұлттық адамзат тарихында жасаған интеллектуалдық рухани мұрасы. Бұл төл мәдениетінің өсуі мен гүлденуі, өркениет заманындағы ұлт тарихының бүкіл мәдениетін көрсететін философиялық көзқарасы, тарихы, әдебиеті, тілі. Бұл түп деректердің ауқымдылығы соншалық, олардың әр қайсысы фразеологизмдердің шығу тарихын зерделейтін жеке-жеке ғылым салаларына арқау болатын үлкен ұлттық мәдени қор. Бұған ежелден құлаққа сіңген фольклорлық мұрадан бастау алатын “жердің жарығын бітеу” – ертегісіндегі ситуация; “қабағынан қар жауып, кірпігіне мұз тоңып”, “тау өртеніп, тас жанған” сияқты

эпостағы бейнелі сөз өрімдері, “қанды көбік жұтқызу” (Махамбет) “қарағай басын шортан шалар” (Асан қайғы) – дейтін тарихи дәуір суреттеріне осындай образды тіркестер куә.

7 Мәдени ұлттық ақпарлардың тағы бір ұшығы ұл тіліндегі өзіндік мән мағынасымен бейнеленген сөздер мен сөз тіркестерінің фразеологиялық мағына жасауда ықпалы бар. Мұндай сөздер мен сөз тіркестері көбінесе елтану мақсатында талданып түсіндіріледі. Мысалы: Шықбермес Шығайбай, Қарабайдай қанпезер – сарандық эталондары болса, сол сияқты сыбағасын жегізу (беру) – 1 сыйлау, құрметтеу, 2 таяқ жегізу мағынасында, шаңырақ көтеру – үйлену, үй болу сияқты фразеологизмдер құрамындағы Шықбермес, Қарабай – ертегі мен жырдағы әдеби кейіпкерлердің аттары немесе сыбаға сөзіндегі ұлттық дәстүр, шаңырақ сөзіндегі – мәдени салт ұғымдарында фразеологизмдердегі компонент сөздер астарында ұлт тіліндегі өзіндік мағынасы белгіленген сөздері бар.

8 Тілдегі образды тіркестер көбінесе фразеологиялық материалдарды байытуға әсер етеді. Себепсіз метафоралы тіркес пайда болмайтынын ескерсек, онда кез келген метафоралы тіркес мағынасында сол тілде сөйлейтін ұлттың таным білімі байқалады. Адамдардың ойлау жүйесі бүгінгі таңда сәт сайын өзгеріп жатады. Құбылыстар мен жағдайлар арасындағы ұқсастық, оның тіл көрінісіндегі мүлдем жаңа образбен астарлануы қашан да сана төңкерісінің маңынан табылуы керек.

Мәдени ұлттық дүниетанымның сыры мен ерекшеліктер тек ұлт тілі арқылы жетіп танылады. Адамдардың материалдық тұрмыс тіршілігі, қоршаған ортасы және рухани ой өрісі бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, бұл бірлік мәдени өмір сүру заңдылықтарына сай, сол ұлттың өз менталитетін айқындайды. Тіл – тілде сақталып келген образды, метафоралы тіркестер әсіресе, фразеологизмдер халық менталдылығынан хабардар етеді. Ұлт ерекшелігін тұтастай тану үшін оның тілдік, танымдық қасиеттерін зерттеп білмейінше пәлендей ой пікір түюге болмайды. Тіл дүниенің ұлттық мәдени айшықтарын бейнелеуде адамдардың когнитивтік (танымдық) әрекетін қоршаған ортаның ықпалымен ұштастырды. Халықтың күн-көрісі, тұрмысының мазмұндық белгілері жинақталған фразеологиялық тұлғаларды түсініп талдау арқылы ұлттық дүниетаным құбылысты қабылдаудағы көркемдік ақыл, ой деңгейін бағдарлауға болады. Әдетте фразеологиялық мағынаның пайда болуына дәстүрлі тіршілік пен мәдени өмірдің әсері мол. Образға негізделген көрініс тіл арқылы жарыққа шыққанда ондағы ұлттық қабылдау, қазақи дүниетаным, ойлау ерекшеліктері бірден аңғарылады.

Әдебиеттер

- 1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998.
- 2 Сейілхан А.Қ. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні /филол. ғылым. канд... дис. авторефер. – Алматы, 2001.
- 3 Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы, 1997.
- 4 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998.

PECULIARITIES OF TEACHING ENGLISH GRAMMAR TO BILINGUAL STUDENTS

Khairullina A.

Kazakh-American Free University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

Grammar teaching holds a crucial role in English as a Foreign Language (EFL) teaching, as without good command of grammar, the language use will be constrained. Teaching grammar is basically teaching the language rules, also known as the sentence patterns, which are essential to define meaning and use. For the decades, grammar teaching has been through some debates which can be described at the following discussion.

The choice of methods and techniques of teaching grammar is generally defined by two basic approaches: 1) based on the mother tongue and 2) without references on the native language. Each of these approaches has its advantages and disadvantages. Teaching grammar based on the native language can help to get rid of a large number of difficulties in the perception of foreign-language grammatical structures, can store them in the memory based on the correlation with the usual grammatical phenomena, reduces the amount of material for storing, provides a better understanding of the native language in relation to the foreign language. Teaching grammar without relying on the native language allows distinguishing the studied material from the influence of the native language, making it thus more close to the reality of foreign language. The study of grammar without the support of their mother tongue to a greater extent should resemble the development of a subject in a foreign language environment. The problem of choice of approach will depend on the nature and abilities of the group of pupils with whom the teacher works.

There are several principles that are necessary to take into account in

teaching grammar by communicatively functional approach.

- material for teaching grammar should reflect the natural use of language to communicate without the artificial examples and contrived situations;

- the training material should clearly highlight the formal, semantic and functional aspects, in order to allow students to establish a link between them in certain contexts;

- grammatical material is advisable to present in an accessible volume for the purpose of possibility of learning it in new contexts;

- before the introduction of new material it is necessary to repeat previously assimilated material and widely used as a support exemplary clarity, charts, tables [1, p. 23];

- explanation and rules should be concise, accurate and simple, adequately reflects the specificity of grammatical material;

- to fix grammatical phenomena should be used different types of communication, including pair and group work.

The main stages of work on new grammatical phenomena include: introduction, initial consolidation, the development of skills in the use of grammar oral and written communication.

In this case are usually used boards with writing sample of simple context or demonstration of grammatical phenomena in the text, as well as tables, charts, figures. Often, these techniques are used not in isolation but in various combinations with one another [2, p. 313].

Explain the grammatical phenomenon means: to reveal its formal characteristics; to explain its meaning, that is semantic features; explain the function in the context of the speech; to conduct an initial consolidation.

The explanation begins with the preparation of students to perceive the new grammatical phenomenon, during which the teacher reminds students already familiar to them grammatical means of a foreign language, which he intends to use as a support in explaining. For example, the introduction of some form of past times is preceded by a repetition of the conjugation of auxiliary verbs, before the introduction of the passive voice repeated valid and others. This is followed by the selection of a new grammatical phenomenon of context, disclosure of the form and meaning, and especially its use. Explanation is completed by formulation of generalizing rules containing specific list of distinctive features of the grammatical phenomena that characterize its features and the sequence of the implementation of these features in oral and written communication. Explanation is followed by, as it was already mentioned, the checking and understanding primary knowledge [3, p. 16].

The main approaches of explaining grammar are inductive and deduc-

tive.

Under induction is understood form of reasoning, generalizing some facts and describing the movement of knowledge from the particular to the general. In the methodology of teaching foreign languages the essence of induction is explained that grammatical phenomena are observed in the graphic text / sounding speech, studied in specially selected examples and summarized in the rules.

Under the deduction is understood the movement of knowledge from the general to the particular, that is a synthesis of the rules or regulations, instructions relating to the form, meaning and function of the phenomenon, to observe the context and consolidation exercises.

The choice of the approach of explanation depends on the number of factors:

- the nature of the grammatical phenomena.

Some of the grammatical structures are difficult to summarize and explain as lexical units. Such grammar learning is termed “lexical approach” and is reduced to the fact that grammatical agent is administered outside the system as a single word or turnover. In lexical approach induction is usually used.

Induction is appropriate in cases where the grammatical form of the phenomenon is simple and transparent enough to observe in the context (for example, the degrees of comparison of adjectives, conjunctions and prepositions value; adjectives in French with generic contrast, some form of conjunctivitis modal verbs, negation and other).

- the presence or absence of a similar grammatical phenomena in the native language.

Induction is preferred where there is a similarity, deduction - in those cases where there is no similarity.

Language training for students and their experience of speaking. Based on previously learned, students easily orient themselves in the context of new grammatical phenomena, determine its functional features. Induction and deduction in this case may interact (e.g., formal and semantic aspects are explained by induction and functional, requiring a large number of observations - deductively).

- the purpose of grammatical material. Productive grammar is studied mainly inductively, in oral situationally determined communication.

Teaching grammar of students at the initial stage is built primarily on the basis of inductive relying on imitation. The student learns a particular grammatical phenomenon in speech patterns (a phrase context), which makes him a teacher or that he finds in the textbook. Because the learning process is not excluded in this sense and awareness of students of all the

values that they have to play. Taking into account the experience of the use of the same in speech and writing, the teacher can compile and organize these facts as a paradigm. Tables and schemes have adequate internal clarity that provides students with a better understanding and a more firmly established [4, p. 52].

It is necessary to emphasize that that learning grammar is an integral part of the process of learning the English language at the initial stage, as the mastery of these skills involves the use of high-quality active receptive types of speech activity. In order to successfully master the skills it is necessary to use different grammar exercises.

Exercises are an important stage in the work on grammar. It is associated with the accumulation of linguistic resources and practice using them in different forms of communication [5, p. 40].

Training exercises should be subject to the exercises with the speech unit. Describing the system of exercises as a whole, it is necessary to take into account their complementary role. It is necessary to build a training exercise so that students in their implementation need to understand this phenomenon in the grammatical subject-situational whole.

There are following basic types of exercises designed to develop the skills and abilities of use of grammar.

1) simulation exercises. Simulations exercises can be built on one structural or oppositional (contrast) grammatical material. Grammatical structure in such exercises is set; it should be repeated without any changes.

Exercising may take place in the form of listening and repetition of forms modeled; contrast repetition of various forms after a teacher, with the fitting of speech comes to pronouncing new grammatical phenomena in a small context; rewriting the text or part underlined grammatical guidelines [6, p. 16].

2) substitution exercises. Substitution exercises are used to reinforce the grammatical material, developing automaticity in the use of grammatical structure in similar situations; this type of exercises is particularly responsible for the formation of flexible skills, there is the assimilation of all the variety of forms specific to the grammatical phenomena, through a variety of transformations, paraphrase, add-ons and extensions.

3) the transformation exercises. Transformation exercises give the possibility to form the skills of combining, replacement, expansion or contraction predetermined grammatical structures in question. Here training method is connected virtually with the use of grammatical material in speech [7, p. 54].

If you choose English language training based on native language, it is useful to use in learning process the concept of "transitional form", i.e.,

grammatical structures of the English language, filled with lexical units of the native language.

A set of grammatical structures are usually divided into two groups: 1) intended for a productive assimilation, 2) intended for the receptive assimilation. In productive assimilation it is advisable to distinguish three main stages of formation of speech grammar skills: 1) introduction and initial consolidation, 2) training, 3) application.

The aim of the first phase is to create a rough basis of grammatical action grammatical for further skill formation in different situations of speech communication. At this stage it is necessary to disclose the value shaping and use of grammatical structures to maintain control of understanding it by students and initial consolidation. Acquaintance with a new grammatical structure usually occurs in the following sequence: General instruction on the functional orientation. "We learn how to speak / express..." Creation and presentation of educational and speech situations are typical for the functioning of the new grammatical structure (perception of the situation at the hearing, visually or in the process of viewing the video). Control of understanding the significance of the new grammatical structure and its correct use. Selection of the rules and the wording. Analysis and understanding of grammatical study the phenomenon using exercises.

The aim of the training phase is to develop skills of relatively exact reproduction of the studied phenomenon in typical speech situations and develop flexibility of its use by varying the conditions of communication. For this purpose usually are used simulation, substitution and transformation exercises. In a separate group stand exercises of game character. Simulation exercises can be built on the one structural or opposition grammatical material. Grammatical structure is set, it should be repeated without any changes. Substitute exercises are used to secure grammatical material, development of automaticity in the use of grammatical structure in similar situations. Essential in this case is providing elements for substitution tips. Especially effective substitution exercises which require not only the automatic design proposals similar to the speech patterns, but also as a result of the choice of contrasting grammatical forms in the substitution table. Transformation exercises give the opportunity of forming skills combining, replacement, expansion or contraction predetermined grammatical structures in speech.

The aim of the third phase is the development of using the grammatical structure without the use of the grammatical structure of language tips in accordance with the circumstances of speech. Exercises of this type can be carried out on the oral material, home reading, movies, etc. Improving the speech grammar skill is advantageously to carry out through: activation

of grammar structure in educational conversation as part of dialogue and monologue statements of different types of narration or exposition heard or read the contents of the text, in a prepared speech, including in the conversation earned grammatical material in new situations involving intermittent opposition grammatical structures, listen to talks on read, reviews the text, suggesting the opposition free of grammatical forms, organizing and conducting various types of grammatical directed role-playing games. Control of grammar skills can be followed, or stand out in a separate stage. Receptive assimilation is associated with recognition. It also requires memorization and stores in the grammatical forms and models. For recognition it is not necessary, however, that the mechanical work required for productive use, so exercises for training may be less. To understand the grammatical structures while reading and listening it is necessary to: 1) recognize grammatical structure on formal grounds, 2) relate to the value of the form, to differentiate it from the homonymous forms. Receptive assimilation includes the same three basic steps.

Speaking about bilinguals it is necessary to emphasize that in the process of learning grammar they have influence of two languages. It means that depending on the language structure of the two native languages, teacher can choose which language to use as a base to explain new material.

References

1. Ostapenko V.I. The training of Russian grammar of foreigners at the initial stage. - M.: Russian language, 1983. - 98 p.
2. Galskova ND, Gez N.I. The theory of teaching foreign languages. Linguodidactics and methodology. - M.: Publishing Center "Academy", 2006. - 336 p.
3. Krutskikh A.V. Communicative-directed teaching of grammar at an advanced stage in the humanities and linguistic gymnasium. // IYASh-1996. - №6. - P. 16-20
4. Zakhava-Nekrasova E.B. The role and place of grammar in the process of teaching the Russian language at the initial stage. - In the book: The Russian language and the methodology of its teaching non-Russian. - Moscow: Prosveshchenie, 1973. - P. 52-60
5. Kazaritskaya TA Exercises in functionally directed learning grammar. // IYAS. - 1987. - №2. - P. 40-49
6. Moskalenko D.V. Some methods of working on grammatical phenomena in the lesson of the German language. // IYASH. - 1999.-No.1. - P. 16-19
7. Skalkin V.P. Communicative exercises in English. - Vladimir, 1980.

ҚҰЗІРЕТТІ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҮШТІЛДІЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ

Самарханова Н.Н.

ҚАЕУ колледжі, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі білім беру үдерісінде бәсекеге қабілетті, күнделікті болып жатқан өзгерістерге бейім құзыретті тұлға тәрбиелеудің ізденіске толы шығармашылық жұмыстарды қажет ететіндігі айқын. Бүгінгі заман талабы білімді, білікті, өзіндік жол таба білетін іскер адам тәрбиелеуді қажет етіп отырғандықтан, білім алушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау – заман талабынан туған шара.

Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі азамат, еліміздің болашағы. Болашаққа деген сенім болмаса, толыққанды мемлекет те құруға болмайды. Осы тұста Елбасымыздың: «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек» - дегені еске түседі. Ал, сапалы, толыққанды білім және кәсіби қабілеттерді арттыру үшін ғылым мен техниканы игерген жөн. Бұл мақсатта шет тілдерді білу қажеттігі туындайды. Сондықтан да бүгінгі күнгі «Үш тұғырлы тіл» жобасы ел болашағын баянды етуден туған, алысты көздеген мақсат екендігіне шүбә жоқ. Дегенмен, «Үш тұғырлы тіл» - қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар қойып, жарыстыру емес. Керісінше, бұл әр тілді өзіне лайықты орнымен қажетіне қарай лайықты пайдалану деген сөз» - деген пікірдің де дұрыстығы даусыз екені ақиқат. Осыдан барып, үштұғырлы тіл жай ғана әдемі тұжырымдама немесе тілдік саясаттың жаңа формасы ретінде пайда болмағандығын, ол – өмірлік қажеттіліктен туындаған игілікті идея екендігін түсіну қиын болмас.

Жаһандану заманында елдер арасын жақындастыратын, жүздескенде ізгі ниетті, жақсы ілтипатты жеткізетін тілдің орны бөлек екені белгілі. Көп тілді білген елдің көсегесі көгереді дейді. Әйтсе де, өз ұлтының, халқының, мемлекетінің тілін жетік біле отырып, өркениет көшінің алдыңғы сапында келе жатқан жұрттардың тілін де білу керектігін заман талап етіп отырғаны анық. «Үш тұғырлы тіл» мәдени жобасы – Қазақстан халқының үш тілді, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруін көздегенімен, бұның түпкі идеясы – мемлекеттік қазақ тілінің халықаралық қолданыстағы орыс, ағылшын тілдерімен терезесін теңестіру, әлемдік деңгейге көтеру, жаһан тілдерімен тең қолданылатын тіл дәрежесіне жеткізу болып табылады.

Бүгінгі күні ұрпақ өз таңдауына шексіз мүмкіндік туған заманда өмір сүріп жатыр. Бүгінгі білім алушыны дұрыс таңдау жасау, ұтымды шешім қабылдау, сондай-ақ өзінің өміріндегі өзгерістер ағымына

икемделу қабілетіне байланысты өмір сүру талабы күтіп тұр.

«Келешекке кемел біліммен», - деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген күзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр.

Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар нақты баспалдақтардың бірі деп білемін. Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясында мұғалімдерге сенім арта отырып, жастарымыздан үміттенеді. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан да сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет ауыр» - дегендей, жастарды сауатты баулысақ болашағымыздың жарқын болатыны белгілі.

Білім беру жүйесі - сынға көп ұшырайтын саланың бірі және онда болып жатқан реформалар ауыртпалықсыз өткен емес. Қазақстанда білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2020 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Білім беру мазмұнын жаңарту туралы мәселе қозғалған бұл мемлекеттік бағдарлама жайында Е. Сағадиев былай түсіндіреді: «Үштілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ тілді дамыту керек, орыс тілін қолданамыз және ағылшын тілін үйренеміз».

Көптілділік заман талабына айналып отырған кезеңде ана тілімізді қастерлей отырып, өзге тілдерді білгеніміз – көптілділігіміз әлемдік мәдениетке, өркениетке, білім кеңістігіне еркін кіріп, болашақта алдыңғы қатардағы бәсекеге қабілетті дамыған 50 елдің қатарына енуімізге, жаһандану үрдісінде білім мен ғылымның барлық саласында бәсекелестікке төтеп беруімізге мүмкіншілігімізді арттыратыны анық. Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол.

Демек, бірнеше тіл білмей, заман талабына лайықты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға толық қол жеткізе алмаймыз. Орыс тілі арқылы қосымша білім алып, дүниетанымын байытып, араласатын

ортасын кеңейтіп, іргелес елдерден анағұрлым ілгері тұрған Қазақстан бұл жетістіктерімен шектеліп қалмау үшін де көптілділікке ұмтылуда. Өйткені еліміздің біліктілігі мен сауаттылық деңгейін әлемге танытып, алпауыт мемлекеттермен тереземізді теңестіру мүмкіндігіне жетелейтін қадамдардың маңыздысы – көптілділік. Шетелдіктердің арасында біліктілігімен, сауаттылығымен суырылып алға шығу үшін де тіл білу маңызды.

